



Ерғали БАЛАБЕКОВ,
Кентау қаласы Әлеуметтік
қызмет көрсету

орталығының директоры:

«ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАЛЫҚТЫҢ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТ АУҚЫМЫ КЕҢ»

– Ерғали Оразбекұлы, сіз жетекшілік ететін әлеуметтік орталық қазір қанша адамға көмек беруде?

– Әлеуметтік орталықтың біз отырған жаңа ғимараты 2022 жылы салынып, толықтай осында көшіп келдік. Ең алғаш ашылған жылы үш жүзден аса адамға қызмет көрсеткен болатынбыз. Ал жыл басынан бері біздің орталықтан жалпы 819 адам қызмет алған. Оның 386-ы мүгедектігі бар адам, 433-і зейнеткер. Орталықта мүгедектігі бар адамдар мен зейнеткерлерге сауықтыру сипатындағы ем-шаралық қызметтер жүргізіледі. Қазіргі таңда «Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-де 3 бөлім жұмыс атқарады. Атап айтар болсам, «Тең қоғам», «Белсенді ұзақ өмір сүру», «Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімдері. Біздің орталықта тұзды, сенсорлық, ЛФК бөлмесі, массаж, аяқ массажы бөлмелері, тренажерлық зал, бильярд, шахмат, теннис, тігін бөлмелері бар. Оның бәрі азаматтардың игілігіне қызмет етеді.

– Әлеуметтік орталықтың қызметін кімдер алуға құқылы және қалай алуға болады?

– Біздің орталық – мемлекеттік мекеме. Бұл жерден қызметті зейнет жасына жеткендер, мүгедектігі бар адамдар мен ерекше күтімді қажет ететін балалар алады. Орталыққа кіреберіс жерде тіркеу бөлімі орналасқан. Сол жерге келіп өзінің жеке куәлігін, зейнеткерлік немесе мүгедектігін растайтын құжатты, емхана дәрігерінің нұсқауын алып келіп өткізеді. Профилактикалық сауықтырудан өтетін әрбір адамға таңғы сағат 9:00-ден кешкі 19:00-ге дейін мамандар қызмет көрсетеді. Әлеуметтік орталықтан көмек аламын деген зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға есіміз ашық.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қант диабетімен ауыратындар ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН!



14 шілдеде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін жетілдіру» туралы заң күшіне енді. Оның шеңберінде мемлекет қаражатының есебінен кепілді қамтамасыз етілуге жататын әлеуметтік маңызы бар аурулар тізімі қайта қаралып, өзгерістер енгізілген болатын. Тізімдегі 13 ауру түрінің қайсысы қалып, қайсысы қалмайтыны 2018 жылдан бері айтылып, жазылып, талқыланғанына қарамастан, шілденің 30-ында «Диабеттік ата-аналар комитеті» қоғамдық қоры Алматыда баспасөз-конференциясын өткізіп, оған өз наразылықтарын білдірді.

БІЛГЕН ЖӨН

Ипотеканы тиімді өтеудің жолы қайсы?

Ипотека – үйлі болудың мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар ұзақ жылдарға созылатын қаржылық жауапкершілік. Қазір несие пайызы өсіп, халық табысы тұрақсыз болып тұр. Осындай жағдайда ипотекалық несие тиімді өтеудің жолы бар ма? Қайта қаржыландыру немесе мерзімінен бұрын ішінара өтеу арқылы қандай пайдаға кенелуге болады?

Ипотеканы мерзімінен бұрын ішінара өтеу үшін банкке барып немесе мобильді қосымша арқылы өтініш бересіз. Кейбір банк қосымшаларында өтінішсіз бірден мерзімінен бұрын ішінара өтеу функциясы қосылған. Ең тиімдісі – артық ақшаны ай сайынғы төленетін төлемді жасап алғаннан кейін ертеңіне немесе сол күні төлеу керек. Сонда банк комиссиясы 1 күнге ғана есептеледі, түскен ақша банк комиссиясын емес, жалпы берешекті жабады. Осы жерде айта кететін жайт, алдын

ала банктен ішінара өтеу туралы ақпарат алыңыз, себебі әр банктің талабы әртүрлі. Кейбірі кез келген соманы алса, кейбірі ең кемі 2 айдың төлемін сұрайды.

2026 жылдан бастап жаңа салынған пәтерлерді сату кезінде құрылыс компаниялары қосымша құн салығы ретінде 16% төлеуге міндеттеледі. Қосымша құн салығы пәтер сатып алуға қалай әсер ететінін сарапшы Айбар Олжайдан сұрадық.

– Күзде тұрғын үй нарығында белгілі бір белсенділік жүреді. Биылғы

басты тренд – 2026 жылдан бастап іске қосылатын жаңа салық кодексі. Жаңа салынған үйлерге сол уақыттан бастап сатқан кезде қосымша құн салығы 16% болады. Сондықтан енді пайдалануға берілетін үйлер 2026 жылдан бастап 16%-ға базалық бағасынан қымбат болады деп айтуға негіз бар. Жалпы арзан ипотека бағаның өсуіне белгілі бір дәрежеде әсер етті. Ол сұранысты күрт арттырды. Құрылыс компаниялары үйлерге көп сұраныс болғандықтан, бағаны көтере бастады. Ипотека ар-

зан және халыққа қолжетімді болған сайын үй бағасы қымбаттай түсетіні дәлелденген, – деді сарапшы.

«Отбасы банк» несиеінің басқа банктерден айырмашылығы бар. Егер бағалау көрсеткіші (БК) жетіп, тұрғын үй займын алсаңыз, онда ішінара төлеу болмайды, банк комиссиясы қысқармайды. Егер БК жетпей, алғашқы жарнасы 10, 20, 30%-бен алдын ала заем немесе аралық заем рәсімдесеңіз мерзімінен бұрын ішінара өтем жасамай, кепілде тұрған депозитті 50%-ға жеткізуге тырысу керек. Сонда бағалау көрсеткіші тезірек артып, тұрғын үй займына өтіп, банк комиссиясы енді 100% алған сомаға емес, қалған 50%-ға жүретін болады және төлейтін сома азаяды. Мерзімінен бұрын ішінара өтем жасаған кезде сіз несие мерзімін қысқарта аласыз немесе ай сайынғы төлем мөлшерін азайтуыңызға болады. Несие мерзімінен бұрын өтеу кезінде несие мерзімін қысқарту тиімді. Өйткені бұл пайыз-

дар бойынша жалпы артық төлемді қысқартуға мүмкіндік береді. Алайда ағымдағы ай сайынғы төлем тым ауыр болса, онда қаржылық жүктемені азайту үшін төлем мөлшерін азайту да орынды болуы мүмкін. Ең дұрысы, ай сайынғы төлемді азайту арқылы екі тәсілді біріктіру, бірақ несие мерзімін қысқарту үшін көбірек соманы енгізу керек.

Келесі тиімді нұсқа – аннуитеттік төлем орнына дифференциалды төлемге өту. Егер ипотекалық төлемді көбірек төлеуге мүмкіндік болса, онда аннуитеттік төлемнен дифференциалды төлемге өтіңіз. Бірақ ол үшін табысты қайта растауға дайын болыңыз. Себебі дифференциалдық төлемнің көлемі аннуитетке қарағанда әлдеқайда жоғары. Қайта қаржыландыру жағдайында қазіргі мөлшерлемеден төмен пайызбен ипотеканы қайта рәсімдеп көріңіз. Бұл арқылы ай сайынғы төлем азаяды немесе мерзім қысқарады.

(Жалғасы 2-бетте)

2-бет



Мопед жүргізгендер
жауаптылықтан
құтылмайды

6-бет



Абай тойының
10 күндігі

8-бет



Диктатордың сәтсіз
«ІНДЕТІ»

БІЛГЕН ЖӨН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ипотеканы тиімді өтеудің жолы қайсы?

Заңнамаға сәйкес, егер қарыз алушы ипотекалық несиені ұзақ уақыт бойы төлемесе (көбінесе 90 күннен аса), кез келген банк сот арқылы үйді тәркілеуге құқылы. Бұл – келісімшартта көрсетілген негізгі талаптың бірі. Яғни несиелік кепілмен қамтамасыз етіледі. Алғашқыда 30 күнге дейін банк тарапынан өсімпұл есептеліп, ескерту беріледі. 30-90 күн аралығында банктер төлемді кейінге шегеру немесе қайта құрылымдауға мүмкіндік береді. 90 күннен асса, банк сотқа жүгінеді. Сот шешімі шықса, үй аукцион арқылы сатылып, қарыз өтелуі мүмкін. Сондықтан несиені төлей алмай қалған жағдайда бірден қаржылық қиындықты растайтын құжаттарды ұсынып, банкке жазбаша өтініш жолдаңыз. Өтініште қайта құрылымдау немесе төлемді кейінге қалдыру туралы сұраңыз.

Дегенмен соттар көбіне қарыз алушының жағдайын ескеріп, бітімгерлікке шақырады, кейде шешімді кейінге қалдыру мүмкіндігі де қарастырылады. Егер пәтер жалғыз баспана болса, ал қарыз алушы банкпен ынты-

мақтасуға ниет білдірсе, сот үйді тартып алу шешімін кейінге қалдыруы мүмкін.

Ипотека алушы мен банк арасында жасалатын келісімшартты жетілдіру қажет. Келісімшарт шын мәнінде қарапайым халыққа түсініксіз. Заем алушының 90%-ы заем келісімшартын оқымайды, себебі мәтіні күрделі және банктік терминологияға толы. Менің ойымша, банк пен жеке тұлға арасындағы келісімшартты қысқаша әрі түсінікті етіп жасау керек. Екіншіден, мерзімінен бұрын ішінара өтеу кезінде кез келген соманы төлеуге рұқсат беру қажет. Мерзімінен бұрын ішінара өтеу кезінде ең аз дегенде 2 айлық төлемді қабылдау туралы шектеуді алып тастаса, заем алушының артылған ақшасын ай сайын ішінара төлеуге ынтасы артар еді. Үшіншіден, ипотекалық келісімшарт барлық банкте бір стандартқа ие болғаны жөн. Әр банк шартының әртүрлі болуы қарыз алушыға қолайсыздық тудырады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН



Заңдағы өзгеріске сәйкес 5 сәуірден бастап мопед мінгісі келетіндер арнайы ХҚКО-да мопедін тіркеуден өткізіп, мемлекеттік нөмір алуы; А1, А немесе В санатындағы жүргізуші куәлігін алуы; көлік иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруы – яғни ҚКІ АҚЖС полисін рәсімдеуі міндетті.

Астана, Алматы қалалық полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, алғашқы 1,5 айда 4,2 мыңнан астам жүргізушіге айыппұл салынып, 1,2 мыңнан астам мопед айып тұрағына қойылған. Мұндай заңды шаралардың жиі қолданылуы себебі – көлік құралының тіркелмеуі. Сондай-ақ, айып тұрағына жеткізілген мопедтердің басым көпшілігін басқарған азаматтардың жүргізуші куәлігі мүлде болмаған.

«Жол жүрісі туралы» заңдағы өзгерістер сақтандыру нарығының жандануына да өз әсерін тигізуде.

Мәселен, қаңтар-маусым аралығында «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясы мопед иелеріне қатысты 15 538 сақтандыру шартын рәсімдеген. 2024 жылы бұл көрсеткіш 2716 ғана болған еді. Биыл сақтандыру шартының өсуіне байланысты сыйақы көлемі 5 айда 160,4 млн теңгеге жетті. Былтыр оның жалпы көлемі 26,1 млн теңгені құраған.

«Уақытылы қабылданған заңнамалық шаралар апатты азайтуға әсер етті. Осы тұрғыда мопед жүргізушілерін сақтандыру толықтай орынды», – дейді «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясының басқарма төрағасы Азамат Керімбаев.

Былтыр мұндай заңнамалық өзгеріс болмағандықтан, жол-көлік оқиғасындағы кінәлі мопед айдаушы көбінесе жауапкершіліктен сытылып кететін. Енді бұл олқылық ескеріліп, апатқа кінәлі мопед ай-

даушы болса, зардап шеккен тарап шығын өтемін алу құқығын иеленді. Сонымен қатар, мопед жүргізушілеріне арналған мемлекеттік нөмір де уақытылы қабылданған шара. Себебі енді мопед тізгіндеген құқық бұзушыны жүйе мемлекеттік нөмір арқылы анықтап, міндетті түрде айыппұл жібереді.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметіне қарағанда, биыл алғашқы жартыжылдықта елімізде жалпы 15698 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 54 пайызға жоғары. Жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендердің саны да 63,4 пайызға өскен. Ал жараланғандар (21391) 67,7%-ға жетіп, қаза болғандар (955) 2,7 пайызға азайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

Бас құжатты дәріптеу бір күнмен шектелмеуі керек

Кез келген мемлекет үшін Конституцияның орны бөлек. Себебі елдегі барлық қарым-қатынасты заңдық тұрғыдан реттейтін бас құжат азаматтар құқығы мен бостандығының мінсіз қорғалуына, мемлекеттегі әділдік пен теңдіктің сақталуына толық іспетті береді. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына негіз қалаған, азаматтардың бүгінгі мен болашағына қорған болған Конституциямыздың қабылданып, қолданысқа енгізілгеніне биыл 30 жыл болған екен.

Осы мерейлі датаға орай Алматы облысы Кеген аудандық сотында арнайы жиын өтіп, құзырлы орган өкілдері Конституцияның маңызы, бас құжаттағы негізгі басымдықтардың сақталуы, заңды халыққа түсіндіру, азаматтарды өз құқығын қорғауға үйрету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды ортаға салды. Жиынның өтуіне Кеген аудандық сотының ұжымы мұрындық болды.

Конституция қабылданған отыз жыл ішінде мемлекетімізде іргелі өз-

де орынды атап өткеніміз жөн. Аз ғана уақыт ішінде бұл құзырлы орган қаншама заңдық тетіктің Конституцияға сәйкестігін тексеріп, құқықтық мемлекеттің орнығуына, заңдық кемшіліктердің жойылуына ықпалын тигізді.

Жиында сөз алған Кеген ауданы прокурорының орынбасары Рауан Алтынбеков те құқықтық алаңда орын алып жатқан өзгерістерді атап өтті.

– Құқықтық мемлекеттің тірегі – Конституция. Сондықтан бұл заңды мектеп қабырғасынан оқытып, жастар-

ынталандырудың негізгі тетігі.

Осы ретте Кеген ауданының полиция бөлімі бастығының орынбасары Олжас Қуатұлы азаматтардың алдануына, қылмыстық орбитадан көрінуіне құқықтық сауатының төмендігі түрткі болатынын айтса, аудандық салық басқармасының басшысы Есболат Игембаев осындай олқылықтар орын алмас үшін заңдарды түсіндіру бағытындағы шаралар тоқтамауы керектігін алға тартты.

– Кейбір азаматтар қарапайым құқықтық әліппені білмей жатады. Конституцияда мемлекеттің ең басты қазынасы – азаматтар, олардың құқығы мен бостандығы екені айқындалған. Мемлекеттегі бар игілік азаматтарға жасалған. Айталық азаматтар қажет болған кезде адвокаттардың тегін заңгерлік көмегін пайдаланып, аудармашының да қызметін тегін қолдана алады. Алайда, құқықтық сауатының кемдігінен осындай игіліктерден сырт қалатындар аз емес. Сондықтан, Конституцияның әр тарауы, әр бабы мектеп қабырғасында тиянақты оқытылуы керек, – деді қорғаушы Гафура Аутанова.

Әрине, тергеу кезінде, сот барысында да азаматтарға құқықтары түсіндіріледі. Десек, құқықтық сауаттандыру жұмыстары ерте бастан жүргізілсе, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын азаматтар қатары да аз болар ма еді деген ой келеді.

Осы ретте Кеген ауданының жеке сот орындаушысы Жанаргүл Сатымбаеваның «Конституцияны насихаттау, дәріптеу бір күнмен шектеліп қалмауы керек. Ата заңның басымдықтарын күн сайын, жыл бойы айтып, көрсетіп отыруымыз керек» деген пікірімен толық келісуге болады. Себебі, Конституция – елдегі татулық пен тыныштықтың кепілі. Азаматтар құқығы мен бостандығының сапалы қорғалуының алтын қазығы. Оның осы басымдықтарын үнемі айтып, көрсетіп отырғанның пайдасы зор. Осыны ескерген жиынға қатысушылар алдағы уақытта да халықтың құқықтық сауатын арттыруға бағытталған шараларды бірігіп, ұдайы ұйымдастырып отыруға келісті.

Салтанат РАМАЗАНОВА,
Алматы облысы
Кеген аудандық
сотының төрағасы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Бүгінгі біз тұғыр етіп отырған Конституция – дала заңдарының лайықты жалғасы. Қазақтың ежелден-ақ заңға бас иген, тәртіпке бағынған ел екенін дәлелдеу артық. Бабаларымыздың басты бағдарына айналған құқықтық құжаттар туралы тарихи деректер сөзімізге нақты айғақ бола алады. Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, өз-Тәукеңнің Жеті жарғысын зерделеген кез келген жан қазақ заңдарында әділдік пен теңдікке, кешірім мен кеңдікке, татулық пен тыныштықты сақтауға терең мән берілгенін айнытпай аңғарар еді. Биыл 180 жылдық мерейтойын дүйім жұрт болып атап өтіп жатқан ұлы ақын Абай дайындаған «Қарамола ережесі» де қазақтың бітімгерлік пен кешірімге жақын екенін аңғартады.

Дала заңынан дара заңға дейін

Міне, осы дала заңдарынан тамыр алған дара заңымыз – Конституцияның ел ішінде қолданылып келе жатқанына 30 жыл болған екен. Ата Заң тек құқықтық талаптар жинағы емес, ол халықтың ерік-жігерінің, ұлт болмысы мен құндылықтарының көрінісі. Еліміздің егемендігі мен тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін бұл құжаттың дайындалуына мықты заңгерлер, білікті сарапшылар, айтулы ғалымдардың тартылғаны белгілі. Бас құжатты дайындаған жұмыс тобы көптеген іргелі елдердің Конституцияларын зерделеп, оның оң мен солын шынайы таразылап, Қазақстан халқының болмысына сай келетін тұстарын саралап, жаңа құжаттың жобасын сауатты қалыптастыруға басымдық берді. Конституция халық атсалысты. Нақты дерекке сенсек, Ата заңның алғашқы нұсқасы 33 мыңға жуық ұжымдық талқылаудан өтіп, оған 3 миллионнан астам азамат қатысқан екен. Талқылау барысында 30 мыңға жуық ұсыныс пен ескерту түскен. Осының өзі азаматтардың бұл тағдыршешті құжатқа атүсті қарамағанын, әркім өз пікірін білдіруге белсенді қатысқанын көрсетеді. Яғни, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум негізінде қабылданған Конституция – халықтың талабы мен тілегі, ұсынысы мен пікірі ескерілген бірегей құжат.

Бүгінгі күнге дейін негізгі заңға 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соңғы түзетулер барысында 33 бапқа

өзгеріс енгізіліп, елді демократияландыруға және билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта қарастыруға жол ашылды. Осылайша Президент тағайындайтын сенаторлар саны қысқартылып, депутаттардың аралас жүйе бойынша сайланатыны бекітілді. Бұл тетік тәуелсіз үміткерлерге көбірек мүмкіндік беруімен құнды болып отыр. Сондай-ақ, аудандар мен қалалардың әкімдерін тікелей сайлау енгізілді.

Заң, құқық саласына енгізген жаңалықтары да аз емес. Ең алдымен Конституциялық толықтырулар барысында өлім жазасына толық тыйым салынды. Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылып, бұл биік құрылым бүгінде азаматтардың өтініші бойынша олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысы бар нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарау мүмкіндігіне ие болды. Сонымен бірге конституциялық реформа аясында Бас Прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық Сотқа жолданым жіберу құқығы берілді.

Бұл қадамның дұрыстығына қазірдің өзінде көзіміз жетіп отыр. Өйткені, Конституциялық Сот бүгінде үлкен сұранысқа ие. Себебі азаматтар конституциялық шағымдану механизмін белсенді пайдалана бастады. Міне, отыз жылдық белеске жеткен Конституция елдің алтын тұғырына айналды. Бас құжаттағы талаптарды сақтау, Конституцияны қадірлеу – баршамыздың басты міндетіміз.

Жұлдыз ЖАКЕБЕВА,
Қызылорда қалалық
№2 сотының судьясы



герістердің орын алғаны белгілі. Соның ішінде бас құжат отандық соттың тәуелсіздігіне, судьялар мәртебесінің биіктігіне кепілдік берді. Осы жылдарда қазақстандық сотты халықаралық талаптарға сай дамыту бойынша көптеген онды шешімдер қабылданды. Қаншама тегеурінді заңдар қабылданып, көптеген бастамалар өз тиімділігін көрсетті. Алқабилер сотының енгізілуі, мамандандырылған соттардың құрылуы, медиация институтының қолға алынуы – осы жақсы істердің бір парасы ғана. Ал Конституциялық Соттың құрылып, жаңаша жұмысын бастауы – халықтың талап-тілегіне сай қолға алынған лайықты іс болды. Конституциялық Соттың құзыры кеңейіп, халыққа жақындай түскенін

дың құқықтық білімін ерте бастан қалыптастыру керек. Біз үнемі білім бөлімдерімен бірлесе жұмыс жүргізіп, мектептерде арнайы жиындар өткізіп, Конституцияның басымдықтары мен негізгі талаптарын жан-жақты түсіндіруді тұрақты қолға алып келеміз. Жастардың құқықтық мәдениетін нығайтуда мұндай шаралардың берері мол, – деді Рауан Серікқалиұлы.

Расында, мұндай сауаттандыру шараларына аудандық сотта да көңіл бөлінген. Біз мамандық таңдап жатқан мектеп түлектерін жыл сайын сот ғимаратына шақырып, соттың жұмысын, судьялардың құқығы мен міндетін түсіндіруді жақсы дәстүрге айналдырдық. Бұл білімді жастарды сот жүйесіне тартудың, судья болуға

МИНБЕР

Өткенге баға, болашаққа бағдар

Биыл ҚР Конституциясының 30 жылдығын атап өтеміз. Десек те, қазақ мемлекеттілігінің тарихы тереңде жатыр. Қазақ хандығы кезеңінде қалыптасқан қазақ билерінің әділдігі мен «Жеті Жарғы» сияқты заңдар жинағы бүгінгі Конституциямыздың рухымен сабақтасып жатыр. Билер институты қоғамдағы дау-дамайды шешіп, заңдылық пен тәртіпті орнатуда ерекше рөл атқарды. Олардың шешімдері халық арасында зор құрметке ие болды, өйткені олар әділдікке, адамгершілікке және халықтың мүддесін қорғауға негізделді.

Мысалы, «Жеті Жарғы» нормалары отбасылық қарым-қатынастарды, жер дауларын, қылмыстық істерді реттеп, қазақ қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Бұл заңдардың негізгі мақсаты – қоғамдағы тепе-теңдікті сақтау, әрбір азаматтың құқығын қорғау және әділдік орнату болды. Осы қағидалар бүгінгі Конституциямыздың әрбір бабынан көрініс табады.

Ал тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясының тарихы 1993 жылдан бастау алатынын білеміз. Қазіргі қолданыстағы екінші Конституция жобасы заң саласының көрнекті тұлғаларының, ғалымдар мен саясаткерлердің қатысуымен әзірленіп, 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

1995 жылғы Конституция біздің мемлекеттілігіміздің шынайы символына айналды. Ол жай ғана заңдар жиынтығы емес, елмен бірге тыныс алатын, оның ұмтылыстары мен құндылықтарын көрсететін тірі организм. Дәл осы Конституция Қазақстанды ең жоғары құндылығы адам, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылатын әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен өзара бақылауды қамтамасыз ету арқылы биліктің бөліну принциптерін бекітті.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі үшін Конституция жетекші және басты заң болып табылады. Әрбір судья өз міндеттерін орындай отырып, негізгі заңды сақтауға ант береді және бұл ант бос формальдылық емес, қоғам мен мемлекет алдындағы терең міндеттеме. Конституцияның 76-бабында сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатыны және өз мақсатымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайтыны нақты айқындалған. Бұл позиция біздің қызметіміздің негізі болып табылады.

Сот жүйесі – Конституцияда бекітілген қағидағарды



Алмат ЕРМАНОВ,
Қостанай облыстық сотының төрағасы

іс жүзінде жүзеге асыратын институт. Ол заңдар мен нормативтік актілердің Конституцияға сәйкестігін бағалап, құқықтық мемлекеттіліктің сақталуын қамтамасыз етеді. Соттың әділдігі мен тәуелсіздігі – азаматтардың мемлекетке деген сенімінің негізі. Осы орайда, тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның сот жүйесі даму мен реформалаудың маңызды жолынан өтті. Мемлекет басшысының басшылығымен судьялардың шынайы тәуелсіздігін, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізілуде.

Соттардың тәуелсіздігін күшейту, сот өндірісінің ашықтығын қамтамасыз ету, цифрландыру және халықтың әділ сотқа қолжетімділігін арттыру бағытында бірқатар жүйелі шаралар іске асырылуда. Заманауи технологиялар енгізіліп, электрондық сот кабинеті, бейнеконференц байланыс арқылы сот отырыстарын өткізу, автоматтандырылған тіркеу жүйесі сияқты жобалар әділдікке қолжетімділікті едәуір арттырды.

Конституцияның 30 жылдығы – бұл өткенге көзқарас қана емес, болашаққа бағдар. Сот жүйесінің алдында қоғамның қарқынды дамуына, жаңа технологиялардың пайда болуына және құқықтық қатынастардың күрделенуіне байланысты жаңа белестер тұр. Бұл дегеніміз судьялардың кәсібилігін арттыру, мамандандырылған соттарды дамыту, заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Конституцияны мүлтіксіз сақтаған кезде ғана, оның қағидағарын берік ұстанған кезде ғана тұғырлы Қазақстанды құра алатынымызға сенімдіміз. Негізгі заң әр азамат үшін бейбітшілікке, тұрақтылыққа және әл-ауқатқа кепілдік бере отырып, біздің қоғам үшін сенімді бағдар бола берсін.

ФОРУМ

Ақтау қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «ҚХА-ға 30 жыл: бірлік пен келісім» атты республикалық этномедиаторлар форумы өтті. Іс-шараға еліміздің 20 өңірінен 200-ге жуық қатысушы жиналды.

Этномедиация – бейбіт диалог құралы



Форумға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы ректорының орынбасары Әлия Масалимова, өңірлік этномедиация кеңестерінің төрағалары, ҚХА қоғамдық құрылымдарының өкілдері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, азаматтық қоғам институттарының өкілдері, кәсіби және қоғамдық медиаторлар қатысты.

Форумның негізгі мақсаты – этномедиацияны, қоғамдық келісімді нығайту, этносаралық және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу мен оларды реттеудің тиімді құралы ретінде талқылау. Спикерлер этномедиацияның тұрақты қоғамдық дамуға ықпал ететін, бейбіт диалог мәдениетін қалыптастыруда маңызды құрал екенін атап өтті.

Жиында кәсіби медиаторларды даярлау, ведомствоаралық өзара іс-қимыл, құқықтық ағарту және

қоғамда медиативтік мәдениетті арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Панельдік сессия барысында қатысушылар өңірлердегі табысты тәжірибелерін бөлісіп, этномедиацияны елімізде одан әрі дамытуға қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Форум Қазақстан халқы Ассамблеясының «Елдесу және татуласу» жобасы аясында 28 шілде мен 8 тамыз аралығында өтіп жатқан этномедиацияға арналған ақпараттық-ағартушылық марафонның басты іс-шарасына айналды.

Марафон аясында еліміздің 20 өңірінде бес мыңға жуық адамды қамтыған 100-ден астам іс-шара өтуде. Бағдарламада көшпелі тренингтер, дөңгелек үстелдер, подкасттар, авторлық арнайы курстың тұсаукесері және дауларды соттан тыс реттеу мен этносаралық келісімді нығайтудың тиімді тетігі ретінде этномедиацияны танымал етуге бағытталған басқа да бастамалар бар.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қант диабетімен ауыратындар қолдаусыз қалмасын!

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Бұл шешім медициналық логикаға ғана емес, жалпы мағынаға да және Денсаулық сақтау министрлігінің ұстанымына қайшы келеді. Қант диабеті – Қазақстандағы инфаркт пен инсульттің басты себебінің бірі. Мұндай ауқымдағы ауру пациенттерді қаржыландыру мен қорғауға басымдық беретін тізімнен шығарылған кезде біз үнсіз қала алмаймыз», – дейді қор директоры Руслан Закиев.

Ал қазақстандық қант диабетін зерттеу қоғамының басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты Жанай Ақановтың айтуынша, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап инсулинді жеткізу тоқтатылады, ал бұл препарат балалар мен жүкті әйелдерге ғана қолжетімді болады. Осы ретте заңда ұшыраспайтын «жасөспірім жастағы балалар» термині қолданылады. Бұл заңды сенімділікті бұзады және мыңдаған баланы емдеу құқығынан айыруы мүмкін. Сол себепті «Диабеттік ата-аналар комитеті» қоғамдық қоры атынан Денсаулық сақтау министрлігіне қойылатын бірқатар талап айтылды. Олар: қант диабетін әлеуметтік маңызы бар аурулар тізіміне қайтару; медициналық көрсеткіштер бойынша барлық пациенттерге деглудек инсулиніне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; халықаралық реттеушілер балаларға ұсынбаған препараттарды балалар тізімінен алып тастау; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау Ұлттық орталығы қызметіне аудит жүргізу; эндокринологиялық көмек стандартының орындалуын қамтамасыз ету; ГПП-1-ді Өмірлік маңызды препараттар тізіміне қайтару.

«Диабеттік ата-аналар комитеті» қоғамдық қоры мен Қазақстандық қант диабетін зерттеу қоғамы басшыларының бұл мәлімдемесі өзгеріс-



терге қатысты мәселеден хабары жоқ адамдарды елең еткізгені анық. Сол себепті жағдайды ушықтырмау үшін министрлік жедел әрекет етіп, келесі күні өзінің ресми сайтында арнайы хабарлама жариялады. Оған қарағанда әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізбесіндегі өзгерістер бойынша туберкулез, АИТВ, қатерлі ісік, инсульт, жекелеген сирек және мінез-құлық бұзылыстарын қоса алғанда, елдің санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығына негізгі әсер ететін ауруларға мемлекеттік кепілдіктер толық көлемде сақталады. Ал қант диабеті әлеуметтік маңызы бар ауру ретінде қарастырыла береді. Алайда халықаралық практиканы ескере отырып әрі терапияға қолжетімділікті кеңейту мақсатында оны қаржыландыру МӘМС пакетіне ауыстырылған. Бұл шешім пациенттерді қорғау деңгейін төмендетпейді, керісінше қаржылан-

дыру тұрақтылығын нығайтады және денсаулық сақтау қызметінің ауқымын, соның ішінде соңғы емдеу әдістерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Бұл ретте 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ қант диабетінің асқынған ағымы (ретинопатия, нефропатия, БСА, жүрек-қан тамырлары аурулары) бар ересек пациенттер, әдетте, МӘМС шеңберінде сақтандырылған жеңілдікті санаттарға кіреді.

Екінші типтегі қант диабеті негізінен 45 жастан асқан адамдарда анықталады. 2-типті қант диабеті дамуына артық салмақтың болуы, жоғары калориялы тағам және отырықшы өмір салты себеп болып табылады. Бұл ретте, қант диабетін ерте анықтауға скрининг жүргізу маңызды. Соған орай шара 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізілетін болады.

Қант диабеті бар пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлігінде Денсаулық сақтау министрлігі ауқымды талдау жүргізді. Оның барысында сатып алу құрылымы қайта қаралып, препараттардың позициялары ұтымды болды және тізбелерге енгізу өлшем шарттары нақтыланды» деп жазылған хабарламада.

Министрліктің есебі бойынша, Қазақстан бүгінде инсулиннің кең спек-

Электрондық тіркеу диспансерлік базасының деректері бойынша, 2025 жылы қант диабетімен ауыратын 535 033 пациент тіркелген. Оның 504 456-і (95%) 2-типті қант диабетімен; 30 577-і 1-типті қант диабетімен ауырады (олардың 5 625-і 18 жасқа дейінгі балалар). Қазақстанда 1 және 2-типті қант диабетімен ауыратын барлық пациенттер қазіргі заманғы диабетке қарсы препараттармен толық қамтамасыз етіледі.

трін ұсынады және оларды пациенттердің барлық санаттары үшін тегін береді. Ескірген нысандардан қазіргі заманғы препараттарға, оның ішінде инсулин помпаларына арналған шығын материалдарының бағаларын қайта қарау және бюджет ресурстарын жоғары тиімді терапияның пайдасына қайта бөлу арқылы дәйекті көшу жүргізілуде.

Электрондық тіркеу диспансерлік базасының деректері бойынша, 2025 жылы қант диабетімен ауыратын 535 033 пациент тіркелген. Оның 504 456-і (95%) 2-типті қант диабетімен; 30 577-і 1-типті қант диабетімен ауырады (олардың 5

625-і 18 жасқа дейінгі балалар).

Қазақстанда 1 және 2-типті қант диабетімен ауыратын барлық пациенттер қазіргі заманғы диабетке қарсы препараттармен толық қамтамасыз етіледі. Пациенттерге ұсынылатын препараттар халықаралық ұсыныстарға және Ұлттық клиникалық хаттамаларға, соның ішінде инсулин аналогтарына және заманауи таблеткалық препараттарға сәйкес келеді. Диспансерлік есепте тұрған барлық адам үшін инсулиндердің қолжетімділігі 100% құрайды. 1-типті қант диабеті бар 2400 бала (жалпы санының 39%) инсулин помпаларын қолдана отырып, инсулин терапиясын алады.

Министрліктің мәліметі бойынша, 2018-2025 жылдары амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етудегі қаржыландыру көлемі 87,8-ден 229 млрд теңгеге дейін 3 есе өсті. Оның 45,5 млрд теңгесі қант диабетін емдеуге бағытталды. Қант диабеті бар бір пациентке кететін шығын аурудың ауырлығына, асқынудың болуына және қолданылатын терапияға байланысты кең ауқымда өзгереді. Атап айтқанда: 81 пайыз науқас жылына 618-ден 18 978 теңгеге дейінгі сомаға ем алады; 16,7 пайызы 184 979-дан 600 000 теңгеге дейінгі диапазонда; 2,3 пайызы жылына 601000-нан 6,5 млн теңгеге дейін шығынды (жоғары технологиялық емдеуді, инсулин помпаларын және шығын материалдарын қоса алғанда) талап етеді.

Ендеше, әлеуметтік маңызы бар аурулар тізіміндегі өзгеріс қант диабетімен ауыратын науқастардың құқығын бұза ма, жоқ па? Оған қазіргі кезде ешкім нақты жауап бере алмайсы анық. Дегенмен, заң үстемдік құратын қоғам құру кезінде заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен тұзетулердің бір күнде және үкімет тарапынан ғана жасалмайтынын Мемлекет басшысы да соңғы жылдары өз жолдауларында жөн. Бұл жағдай азаматтық қоғамның белсенділігі осындай өзекті мәселелерге қатысты өзгерістер кезінде айқын көрініп отыр.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ерғали БАЛАБЕКОВ,
Кентау қаласы Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры:

«Әлеуметтік орталықтың көрсететін қызмет ауқымы кең»

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға психологиялық көмекпен қатар материалдық көмек те көрсетіле ме?

– Мүмкіндігі шектеулі жандардың ішінде белгілі бір санаттағы адамдарға мемлекет тарапынан өтемақы беріліп тұрады. Атап өтер болсам, ВИЧ ауруы бойынша 5 адамға ай сайын 92456 мың теңге мөлшерінде өтемақы төленуде. Биылғы алты айда игерілген қаржы көлемі 2 773 680 мың теңгені құрады. Туберкулез ауруына шалдыққан адамдарға және созылмалы бүйрек ауруына шалдыққан 60 адамға ай сайын 10 АЕК мөлшерінде өтемақы төленуде. Мұндағы жалпы игерілген қаржы көлемі – 971320 мың теңге.

– Ал үйде отырып оқитын балаларға қандай көмек көрсетіледі?

– Бала – біздің болашағымыз. Дүниеге келген әрбір баланың денсаулығы мен білім алуына бейжай қарауға болмайды. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан 109 мүгедектігі бар балаға оқу құралын алуға 1 АЕК мөлшерінде әлеуметтік төлем жүргізілуде.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының нұсқаушы мамандары еңбекке қабілеті бар ерекше балалармен жұмыс жасап, олардың өмірге деген құлшынысын арттырады. Ерекше қамқорлықты қажет ететін балалар қазіргі қоғамның ерекше бір бөлшегі. Біздің мамандардың мақсаты – оларды дамыту, қолдау, ата-анамен бірлесіп дұрыс бағыт-бағдар беру. Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ұйымдастыруымен «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне орай ерекше балаларға сыйлықтар табысталды. Әрбір баланың тәтті қылығы, тыныш ұйқысы, алаңсыз күлкісі қоғам үшін аса маңызды. Балаларымызға барлық жағдай жасалу керек. Әлеуметтік қызмет көрсету орталығына келетін мүгедектігі шектеулі балалар да күнделікті сауықтыру шараларын алуда. Балаларға массаж, логопед-дефектолог, ЛФК, еңбек терапиясы, тұзды шахта, караоке, арт-терапия, психолог мамандары қызмет көрсетуде.



– Әлеуметтік осал топтағы жандарға қызмет көрсететін орталық болғандықтан, сіздерде инвентакси қызмет ететін болар? Инвентакси қызметіне қатысты азаматтардың пікірі қандай?

– Қазіргі таңда Кентау қаласында осы бағыттағы жұмыстар жанданып келеді. Инвентакси қызметі қаңтар айынан бастап қолға алына бастады. Бүгінде өздігінен жүріп-тұра алмайтындар қажет жерге арнайы көлікпен тегін баруға мүмкіндік алған. Кентауда мүгедектігі бар адамдар қала халқының 5,4%-ын құрайды. Бүгінде олардың еркін қозғалуы үшін барлық жағдайлар жасалуда. Кентау қаласында 4 инвентакси және 3 әлеуметтік такси қызмет көрсетеді. Жыл басынан бері инвентакси және әлеуметтік таксимен тасымалдау бойынша бөлімге жалпы 153 рет өтінім түсіп, мүгедектігі бар адамдар мен

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар әлеуметтік нысандарға тасымалданды. Қызмет алғандардың инвентакси қызметіне қатысты пікірі жақсы.

– Инвентакси қай санаттағы мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетеді?

– Біздің қаламызда әлі де болса инвентакси қызметін білмейтіндер және естімегендер кездесіп жатады. Инвентакси – жүріп-тұруы қиын 1 топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, әлеуметтік қызметтерін пайдаланатын тұрғындарға, бөлмеде жүріп тұруға және серуендеуге арналған кресло-арбамен қамтамасыз ететін медициналық көрсетілімі бар тұрғындарға, 16 жастағы І және 2 топ мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік такси қызмет етеді. Инвентакси көмегі арқылы мүмкіндігі шектеулі жандар медициналық және әлеуметтік мекемелерге, құқық қорғау органдарына, жұмыс немесе оқу орнына тасымалданады. Басқа мүгедектігі бар адамдарға инвентакси қызметі өтініш беру арқылы көрсетіледі.

– Әлеуметтік орталықта тіркелген адамдардың өңірдегі шипажайларға барып ем алуына мүмкіндігі бар ма?

– Біздің орталықтағы санаторияда профилактикалық ем қабылдауға болады. Тіркелген зейнет жасындағы кісілер мен мүмкіндігі шектеулі жандар, балалар мамандардың бағыт нұсқауымен жаттығулар жасай алады. Орталықта профилактикалық ем алғандарға ыстық тамақ беріледі. Ал зейнеткерлеріміз емдік шипажайға жолдама алып, ем қабылдауда. Санаторлы-курорттық шипажайға келіп тіркелгендердің жалпы саны 2757 адамды құрайды. Жыл басынан бері 494 зейнеткер тіркеуде тұр. Түркістан облыстық басқарма тарапынан жыл сайын 400 жолдама бөлінеді. «Мейір» шипажайына – 200, «Ардагер» шипажайына – 200 зейнеткер жыл соңына дейін жіберіледі. Оның ішінде жыл басынан бері осы шипажайларда 200 зейнеткер демалғанын, ем алғанын айта кеткеніміз жөн.

– Сонымен қатар, кенді шаһарда ҰОС, тыл, Ауған соғысының ардагерлері мен көп балалы батыр аналарымыз да бар. Еліміздің тыныштығы мен демографиясына үлес қосқан жандарға мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетілуде?

– Әрине, еліміздің бейбіт күнде өмір сүріп жүргені біздің ардагерлеріміздің арқасы. 15 ақпан Ауған соғысы ардагерлері күніне орай 68 ардагерге 30 АЕК мөлшерінде сыйақы төленді. Қалада жалпы 255 соғыс ардагері бар. Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерекесіне орай қаладағы ардагерлерге 31 586 850 теңге бөліп берілді.

Жеңіс күні қарсаңында жалпы 3115 ардагерге 23 853 940 теңгеге көмек көрсетілді. Қаладағы көзі тірі жалғыз ҰОС ардагеріне 5 млн теңге көлемінде қаржылай сыйақы берілді. Ленинград блокада кезеңінде болған 2 адамға 20 АЕК, яғни

78 640 теңге төленді, ҰОС мүгедектерінің 15 жесіріне 78 640 теңге, 285 тыл еңбек ардагеріне 58 980 теңге төленді. Бейбіт уақытта әскери міндетін атқару кезінде қаза тапқан 12 қызметшінің отбасына 61935 теңге берілді.

Кентау қаласында көп балалы 1653 батыр ана тұрады. «8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне» орай аналарымызға мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлініп, 2 АЕК сыйақы төленді. «І, ІІ дәрежелі Ана даңқы» төс белгісін иеленген 44 адам, 25 Батыр ана, 504 «Алтын алқа», 1080 Күміс алқа иегері де назардан тыс қалған жоқ.

– Үйде арнаулы қызмет алатын зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі балаларға мамандар қызмет көрсетеді дедіңіз. Олардың сапасы көңілден шығып отыр ма?

– Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінде егде жастағы жазғызділікті 394 қартқа 48 әлеуметтік қызметкер, ал 126 мүгедектігі бар балаларға 23 қызметкер үйіне барып қызмет көрсетеді. 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқуы бар 19 кемтар адамға 4 әлеуметтік маман қызмет көрсетуде. Егде жастағы жалғызділікті қарттарға және мүгедектігі бар балаларға жеке қажеттілігіне сәйкес 7 бағытта арнаулы әлеуметтік қызметтер беріледі. Атап өтер болсам, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педогогикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, асыл қазына қарттарымыздың мерейтойларын және 70-тен асқан қазыналы қарияларымызды туған күнімен құттықтап, арнайы дайындаған сыйлықтарымыз бен гүл шоғын апару дәстүрге айналған. Жыл басын бері 11 жалғызділікті қарттың үйіне барып, сый сыяпат тараттық. Кентау қалалық әлеуметтік қызмет көрсету орталығының Ащысай ауылындағы үйде қызмет алушы 11 жалғызділікті қарт тұрады. Оларға 2 әлеуметтік қызметкер қызмет көрсетуде. Үйде қызмет алушы қазыналы қарттарымыз бен мүгедектігі бар балалардың ата-аналары орталық мамандарының жұмысына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жеткізуде.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Рауан НАРБЕК

КӨЗҚАРАС

Қазақ халқының құқықтық санасы көне заманнан бастау алады. Тәукеңің «Жеті жарғысы», Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы секілді заңдардың бәрі елдіктің ережесі, жұртың жүріс-тұрысын тәртіпке салған дала Конституциялары іспетті болды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген ұлы сөздерден әділ билік пен заңның биік үлгісі көрініс тапқан. Ал тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы рухани негізге сүйене отырып, заманауи құқықтық мемлекеттің үлгісі ретінде қалыптасты.

Елдігіміздің алтын діңгегі

1995 жылдың 30 тамызы – ел тағдырындағы тағлымды бетбұрыс. Бұл күні бүкілхалықтық референдум арқылы Ата Заң қабылданып, еліміздің құқықтық іргесі бекіді. Конституция – мемлекеттіліктің, азаматтық қоғамның, еркіндік пен теңдіктің кепілі. Осы күннен бастап Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде әлемге танылды.

Конституцияда «Халық – мемлекеттің биліктің қайнар көзі», – деп нақты жазылған. Бұл – тек құқықтық қағида ғана емес, ұлттық дүниетанымымызбен үндес ұлы ұстаным. Әз Тәукеңің: «Халыққа теріс сөйлеу – өзіңе ор қазу», – дегені осының дәлелі.

Қазақ үшін билік пен заңның мәні – халыққа адал қызмет ету. Заңның үстемдігі халықтың еркіндігін шектемейді, керісінше, еркіндіктің шеңберін әділдікпен айқындайды. Конституция – тек заңдар жинағы емес, ол – ел ішіндегі бейбіт өмір мен ынтымақтың, келісім мен бірліктің негізі. Ата Заң әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға кепілдік

береді. Бұл – ел болашағы үшін жасалған басты игілік. Билеріміздің: «Билік айту – бармақ шайнау емес, әділдік – ардың ісі», – деген сөздері бүгін де мәнін жойған жоқ. Заң үстемдігі жоқ жерде әділет болмайды. Ал әділетсіз қоғамда тұрақтылық та, өрлеу де болуы мүмкін емес.

Ата Заңды құрметтеу – ұлтқа қызмет етудің басты шарты. Сондықтан да Конституцияны оқу, оны түсіну, оған сай әрекет ету – әр азаматтың парызы мен қарызы. Мектеп қабырғасындағы шәкірттен бастап, ел басқарған азаматқа дейін Ата Заңды ардақ тұту – елдігіміздің нышаны, өркениетті қоғамның айғағы. Конституция – бабалар аманатын бүгінгі буынға табыстап, келешекке нық қадам жасауға жол ашты. Ол – мемлекеттік институттардың қызметіне бағыт беретін және елдің тыныштығын сақтап, халықтың мұратын орындауға бағытталған негізгі құжат.

Сауле ТАНИМОВА,
Ақтөбе облысы
Ойыл аудандық сотының
төрағасы

САРАП

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Цифрлық технологияның қарыштап дамуы адамдар өмірін жеңілдетіп қана қоймай, түрлі қауіп-қатерлерге де жол ашты. Солардың бірі – интернет алаяқтық. Бұл – интернет желісі арқылы жасалатын алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы мүлктік пайда табу мақсатында жасалған қылмыстық әрекет. Бүгінде интернет алаяқтық қоғамда кеңінен таралып, көптеген адам зардап шегуде.


Интернет алаяқтарынан жапа шеккендердің саны күннен-күнге артып келеді. Қылмыскерлер алдаудың сан алуан тәсілін қолданады. Мысалы, әлеуметтік желі арқылы «досыңыздың» атынан ақша сұрауы мүмкін немесе сізге банк қызметкерімін деп қоңырау шалып, картаңыздың деректерін айтуды өтінуі ықтимал. Интернет алаяқтықтың негізгі түрлері ретінде фишинг (Phishing), онлайн дүкендер, жұмысқа орналастыру алаяқтығы, әлеуметтік желілердегі алаяқтық, несие мен инвестицияға байланысты алаяқтықты айта аламыз.

Елімізде интернет алаяқтық былтырғымен салыстырғанда 4,1 пайызға өскенін статистика байқатып отыр. Бас прокуратураның мәліметінше биылғы жылдың алғашқы алты айында 10 мыңға жуық интернет алаяқтығы деректері тіркелген. Олардың көбісі онлайн саудаға қатысты алдану және фишинг, яғни бұл кезде алаяқтар сіздің поштаңызға немесе SMS арқылы жалған сілтеме жібереді. Сіз оны ашқан кезде, банк деректеріңіз немесе жеке ақпараттарыңыз сол сәтте-ақ олардың қолына өтеді.

Алаяқтықтың ең көп таралған түрі – «полициядан» немесе «банктен» қоңырау шалу болып отыр. Қаскөй-

лер өздерін тәртіп сақшысы немесе банк қызметкері ретінде таныстырып, жәбірленушіні қорқытып, қалаған ниетіне жетеді. «Банк қызметкерінің» сұраған кодын айтамын деп қарызға көміліп жатқандар жетерлік. Сондықтан ешқандай банктің телефон арқылы құпия код сұрамайтынын мұқият есте сақтау қажет. «Дауыс беріңіз» деп келетін күмәнді сілтемелер де алаяқтардың айласы болуы әбден мүмкін.

Интернет-алаяқтар негізінен жалған құжаттарды пайдаланып, үшінші тұлғалардың атынан жиі әрекет етеді. Алаяқтық арбауына түспеу үшін бірнеше қағидадан мұқият ұстанған жөн. Ол үшін тексерілмеген сайттарға жеке деректеріңізді енгізбеңіз, банктік карта мәліметтерін ешкімге жолдамаңыз, белгісіз адамдардан келген хабарламаларға сенбеңіз, жеке шоттарыңызда екі факторлы аутентификацияны (2FA) қолданыңыз, онлайн сатып алуда тек ресми, танымал сайттарды таңдаңыз, жұмысқа орналасқанда алдын ала төлемді талап етсе – бұл күмәнді белгі. Осы



талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғай алады. Интернет алаяқтық – қоғамның басты қауіпінің бірі. Алаяқтардың құрбаны болмау үшін әр адам цифрлық сауаттылықты арттырып, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы қажет. Заңды білудің де маңызы зор – бұл өзіңізді және жақындарыңызды қорғаудың сенімді жолы.

Абылай ҚАРАБЕКОВ,
Атырау қаласы
№2 сотының судьясы

ПАЙЫМ

Тәуелсіз еліміздің Ата Заңының негізін қалаған ұлы ұстаз Салық Зиманов Абайды жаңа қырынан – би-заңгер ретінде халыққа танытты. Соған орай баршамыз Салық Зиманұлының ұлы еңбегінің алдында қарыздармыз. Бүкіл қазақ қоғамы империялық идеология қысымымен айта алмай келген Абайдың биік болмысы осылайша жан-жақты ашылды. «Абай жолы» эпопеясы арқылы дүние жүзіне дара талантымен танылған Абай ендігі кезеңде әлемге би-заңгерлік тұлғасымен айқындала түсті. «Нағыз асыл уақыт өткен сайын жарқырай түспек» деген қағида Абай тәрізді өз дәуірінің ұлы перзенттеріне бағытталып айтылса керек.

Классик жазушымыз Сәбит Мұқанов: «Данышпандардың бәрі ақын емес, ақындардың бәрі данышпан емес, Абай солардың екеуі де болды», – деген екен. Қысқа да нұсқа айтылған, төбесінен дөп түскен сөз, көреген баға! Иә, «данышпан» деген ұғымның аясына бәрі сыяды. Бәлкім, Абай сияқты дара тұлғаға көп анықтаманың қажеті де жоқ шығар. Дегенмен, дана тұлғамызды лайықты атай алмай, ақындығының төңірегінде шыға алмай қалатынымыз шындық. Әсіресе, кешегі отаршылдық саясат тәуелді жұрттың озық өкілдеріне іштарлық танытып, бар қасиетін жариялатпауға тырысып, идеологиялық қысым көрсетіп келгенін, асылдарды жарқыратып таныта алмай, жақсыларымыздың сегіз қырын толық таныта алмай, сол дараларымызды аға халық өкілдерінен оздырып алмайық деп қысылып-қымтырылып, көмейімізге құм құйылып келгенін бүгінгі күні несіне жасырамыз?! Бір анық көзім жеткен ақиқат, сол Абай дәуірінде де оның қасиеттерін ортасы танымай қалған жоқ, әсіресе, өз айналасы, әкесі Құнанбайдан бастап оның озық қасиеттерін танымады, көрмеді, білмеді десек көпе-көрінеу қиянат болар еді. Тақыр жерге шөп шықпайтыны сықылды, өнегелі орта, ұлағатты ата-ана, қасиетті тектілік, яки, ата-бабалар қасиеті жұғысты болмаса, Абайдай дана ел ортасынан өсіп шығар ма еді?! Өттең, әділетсіз кесепатты қоғамы Абайдың «дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дегендейін, халқын, өз ортасын сынап айтқан сөздерін пайдалана қойып, оны өз айналасына, тіпті туған әкесіне, ата-бабаларына қарсы қойды. Ал, Абай сияқты данышпан тұлға көзімен көріп тұрған кемшілігін айтпай қалай тұра алсын?! Халқын жан-тәнімен сүйген дана адам сол кемшіліктермен күресуді, жоюдың жолдарын ойламай тұра ала ма?! Құнанбай өзі үміт күткен Абайдың қай бағытқа беттеп бара жатқанын терең ұққан адам. Ұқты да оның ақындығын қолдамай, би болуға дайындауға кірісті.

Құнанбай ақындық жолмен надандыққа, қараңғылыққа қарсы тұрудың ауыр боларын өте жақсы түсінді. Бір жағынан Абайдың өзі поэзиясында атап өткендей, сол заманның ақындарының беделі де төмен болғаны рас. Әке мен бала ойының алшақ емес екенін, көп уақыттарда олардың тілегі қабысып отырғанын өлеңдерден де аңғару қиын емес. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» бізге мектеп бағдарламасынан жақсы таныс, мұғалімдер жанын салып түсіндіретін өлеңнің бірі. Осы өлеңге бәлкім, сол кезде аса терең бойлай алмадық, қазір қайталап айтсақ ой салар тұсы жетерлік. Әсіресе, мына бір, бұрынғының билері мен ақындары туралы айтқан жыр жолдары терең ойға қалдырады:



Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап...

Өз пайымдауымша, мұнда әкелік ақылдың ізі де, Абайдың көзқарасы да тұр. Абайға әке ақылының әсері дегенді бекер айтып отырған жоқпыз. «Абай жолында» да М.Әуезов Құнанбайдың тілемсек, малтабар ақындықты жек көргенін дәл суреттеген. Жасыратыны жоқ, қазақтың аты шыққан талай ақыны, әсіресе, сол заманның саілақтары Балта, Шөже, Жанақтардың «өлеңмен қайыр тілеген» пендешілік тілемсектігін ел іші жақсы білген. Талапты баласын осы жолдан ақылды әке сақтандырмай ма?! Сондықтан Құнекең оны би болса беделі зор, сөзі өтімді болар еді деген оймен сол бағытта тәрбиелеген. Мекдесіне оқып жүрген жерінен шығарып алып, жанына ертіп жүріп, билік айтуға жұмсауы, баулуы осыны білдіреді. Дегенмен, Абайдың әке ақылына да бірден құлап кетпей, сол заманның билеріне де сын көзбен қарағаны «ескі бише отырман бос мақалдап...» деген өлеңінен байқалады.

Әке ақылы мен өз ойын салыстыра сараптай келіп, сыңшы Абай осы екі бағыттан да бой тартпайды. Әке қарсы болды деп

АҚЫННЫҢ БИ-ЗАҢГЕРЛІК ҚЫРЫ

ақындықты да тастамайды, би ретінде де өз сорабын тауып, тәрбиеленіп шығады. Қарап отырсақ, сол екі жолында да үлкен абыройға бөленіп, қасиет тауыпты.

Абай бекзат өнерге бейжай қарамаған. Содан болар, ол алғашқы көңілі толмаған жырларын таныстарының атынан жариялап, сұлу өнерге сақ қараған. Ал би мәселесіне келетін болсақ, әрине, әке ақылымен, бағыт-бағдарымен ел ішінің дау-шарларына араласып, шындалып отырған. Дегенмен, оның нағыз би-заңгер ретінде танылуы Қарамола сиезінің оқиғасынан басталған еді.

Бұл кездерде Абай – нағыз ел қайраткеріне айналған үлкен тұлға болатын. Әрине, Қарамола сиезі туралы әңгіме бөлек, жеке тақырып. Сондықтан, біз бұл арада Қарамола бағытынан аздап тартына тұрамыз. Ауыр тақырыптан қашқандығымыз емес, аса маңызды мәселені жол-жөнекей айта салуға обалсығандығымыз.

Қазақ Тайыр Жароков деген үлкен ақын бар. Ол кісі саясат ұшығып тұрған, кәмпеске, репрессия, колхоздастыру кезеңінде еңбек етсе керек. Сөзіңе абай болмасаң, «халық жауына» айналып шыға келетін уақыт. Ол кісі өте сақ екен, әр сөзін революция, большевик, социализм жеңісімен байланыстырып отыруды әдетке айналдырыпты. Соны білетін айналасы ананы жаз, мынаны жаз десе, басын шайқаған ақын: «өзім де қумын, октябрьден әрі аспаймын» деп күледі дейді. Ондағысы саясаттан қулығымыз асырып жүрмін дегендегісі ғой. Октябрь революциясын мадақтамай, арғы тарихына барса, басы кететінін білген, әрине. Сол ақынымыз айтпақшы, құлық ойлап Қарамоладан қашып отырғанымыз жоқ, тек бұл тақырыпқа брыз ізденіс керек.

Бұл арада Абайдың би ретіндегі атағы сол кезде де аян болып, айтылып келген. Мысалы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1905 жылы Семей қаласынан шығатын «Семипалатинский листок» газетіне жариялаған Абай қазасына байланысты берілген қазанама-мақаласында ұлы ақынның би ретінде танымалдығына тоқталады: «Абай билердің шартты түрде сайланбай, талантымен бағаланатын ескі заңымен өмір сүрсе, әртістер мен жазушылардың даңқы сияқты атақты би атанар еді».

Алғашқы абайтанушылар қатарында тұратын Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы сияқты алаш жетекшілері де Абайдың жан-жақты қасиетін көрсете келе, би ретіндегі қырын ашып өткен. Бірақ, ол кезде идеологиялық саяси цензураның өршіп, жалына қол апартпайтын, әр сөзің андулы уақыт. Осы тұлғаларымыздың әр қадамы өлшеулі болғаны жазған мақалаларынан да жақсы аңғаруға болады.

Ендігі аз сөз Абайдың заңгерлік бағытының айқын дәлелі дерлік «Жаңа закон» кейде «Жаңа нисам» деген өлеңі жайында. Бір ғажабы, бұл өлең Абайдыкі екендігі анықталғалы біраз өтсе де, ұлы ақынның ешбір жинағына енгізілмей келіпті. Бұл өлеңді ең әуелі архивтен тауып, «Жалын» журналына 1979 жылы бесінші санында алғаш жариялаған да, алғашқы боп пікірін білдірген де атақты академик, ғалым Әлкей Марғұлан екен. Ол кісі Томск қаласының кітапханасындағы Г.Н.Потаниннің архивінен тауып алған. Г.Н.Потанин тарихи танымал тұлға екені белгілі, Шоқанның сыйлас досы, әрі қазақ жұртының жанашыры ретінде жақсы таныс. Ә.Марғұланды қадірменді ғалымымыздың әруағына да разылық айтамыз. Нағыз ұлмы дегеніміз де осындай сарыла еңбек етіп, ғалымның қазынасын түртіпектеп, тауып алатын жандар болса керек.

Сондай ғұлама ғалымның дәлелдеуімен жария болса да, жабулы қазан жабулы күйінде қалып, ешкім бұл өлеңді қайтіп жоқтамаған, Абайдың жинақтарына кіргізейік деп ниет танытпаған. Сірә, өзіміздің байыптауымызша, қазақы әсіре сақтықпен, «құрысын, пәлесінен аулақ» деп, кеңестік идеологияның құрығынан қаймыққан болуы керек. Бірақ, осыншалық құнды қазына дерлік жыр сол беті көмүлі қалмас, бұл өлеңнің соңғы жылдары ізіне түсіп жүрген ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Асан Омаров болып шықты. Әрине, ол кісіге бұл еңбегі үшін алғыстан өзге айтарымыз жоқ.

«Жаңа закон» – Абайдың 1884 жылы жазған өлеңі. Көлемді өлең әрқайсысы төрт тармақтан тұратын 31 шумақты құрайды, жалпы көлемі 124 жол. Өлең жолдарына зер салсақ Абай қолтаңбасы анық көрініп тұр.

Абайдың бұл өлеңі патша уәкілетінің қазақ халқын жаңа әкімшілік жолымен билеу туралы шығарған «Жаңа заң» деп аталған қаулысына орай шығарылған. Әуелгіде «Уақытша ереже» атауымен 1868-1869 жылдары жасалған. Әрине, қазақ халқының тағдырына тікелей қатысты шығарылған құжат болғандықтан, Абайдың бұған үн қосуы заңдылық. Кейбіреулердің бұл өлең Абайдыкі емес деп күмәндануының бір себебі – өлеңдегі патшаны мадақтаған, қазаққа жанашыр көрсетуге тырысқан сөздері болса керек. Бірақ, бұл Абайдың халқының қамын ойлаған, амалсыз әрекеті болуы да ғажап емес. Дегенмен, әзірге кесіп-пішіп айту қиын. Алдағы уақыттарда жинақтарға енгізілсе, жан-жақты талданып, ақиқаты ашыла жатар. Біз тек, заңгер ретінде Абай заңгерлігіне үлкен дәлел боларлық, әрі заң қайраткері қырын танытатын бұл өлеңді назарымыздан тыс қалдырмадық.

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы**

ТҮЙТКІЛ

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАР ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР

Интернет алаяқтары – бүгінгі қоғам бетпе-бет келіп отырған қауіпті кеселдің бірі. Күні кеше азаматтардың сеніміне кіріп, аңқауларды алдаумен айналысқан алаяқтар енді ғаламтор кеңістігіне ауысып, халықты тақырға отырғызудың тың тәсілдерін тиімді пайдалануда. Өкінішке қарай, интернет алаяқтардың қармағына түскендердің саны күн өткен сайын көбейіп барады.

Мысалы 2024 жылы республика бойынша 22 870 интернет алаяқтық дерегі тіркелген. Бұл тек ресми тіркелгені ғана. Шындығында алаяққа алданғандардың бәрі бірдей құзырлы органдарға арыздана бермейді. Біріншіден, алаяққа берген соманың көлемі жоғары еместер арыздануды жөн көрмейді. Екіншіден, бүгінгідей уақыт тапшы кезде құзырлы органдарға жүгінуге қолы тимейтіндер де жетерлік. Үшіншіден, алдандым деп айтуды намыс көретіндер де арамызда баршылық. Төртіншіден, өзінің мол қаржыны жоғалтқанын жақындарынан жасыратын жандар қаншама? Ал бесіншісі, әрине, құзырлы органдардың қабілет-қарымына деген сенімімен байланысты. Азаматтар полиция қызметкерлерінің кибералаяқтарды табатынына, қол-

ды болған ақшасының қайтатына күмәнмен қарайды. Соған орай олар үнсіз қалуды дұрыс санайды. Дәл осындай себептермен құзырлы органдарда тіркелмеген қылмыстар аз емес. Осының өзі интернет алаяқтыққа байланысты құқықтық сауатты арттыру мәселесінің өзекті екенін көрсетеді.

Өйткені, қаншама ескерту жасалып, интернет алаяқтықтың белгілі схемалары туралы айтылып жатса да алданғандар саны азаяр емес. Айталық 2025 жылдың алғашқы 5 айында интернет алаяқтықтың 10 145 оқиғасы тіркелген. Соның нәтижесінде қылмыскерлердің азаматтарға келтірген шығыны 25 млрд теңгеден асып отыр. Бұл шын мәнінде алаңдатарлық жағдай.

Сот тәжірибесінен байқап отырғанымыздай бүгінде интернет алаяқтықтың бірнеше түрі кездеседі. Соның ішінде статистикаға сүйенсек онлайн саудадағы алаяқтық бойынша 33 667 жағдай орын алған. Интернеттегі жарнамаларға сеніп, алдын ала төлем жіберген азаматтардың көпшілігі алданғанын байланыс телефоны бұғатталып, тауар жеткізілмегенде біліп жатады. Сондай-ақ қазір фишинг арқылы алаяқтық жа-

саушылар көп. Интернеттегі күдікті сілтемелерге өтіп, монитордың ар жағындағы алаяқтың айтқанын орындаған азаматтар жеке деректерінің ұрланып, мәліметтерді өз қолымен алаяқтарға бергенін кеш түсініп жатады. Биылғы бес айда республика бойынша осындай 2 619 жағдай орын алған.

Дропперлер – интернет алаяқтар қолданатын тетіктің бірі. Интернет алаяқтықтың соңғы жылдары кең тараған түрлерінің бірі – дроппер схемасы. Қылмыскерлер өздерінің зымиян әрекеттерін жасыру үшін «дропперлерді» пайдаланады. Бұған дейін дропперлердің әрекеті назардан тыс қалып келді. Алайда соңғы уақытта интернет алаяқтардың алдау схемасында негізгі рөлді ойнаған азаматтардың жауаптылығын арттырмай қылмысқа тосқауыл қою мүмкін болмайтыны белгілі. Дроппер болуға келісім берген азаматтар «ешкімге зияным жоқ, мен тек ақшаны шешуге көместесемін» деп өзін-өзі ақтауы мүмкін. Шын мәнінде олар дропперлікті тегін істемейді. Алаяқтарға өздерінің жеке деректерін, ЖСН, банк картасын беретін дропперлер өз атына шоттар ашуға келіседі. Бұл шоттар арқылы ала-



яқтар заңсыз қаржылық операцияларды жүргізіп, сенгіш адамдардан түскен қаржыны қалтасына басады. Сот тәжірибесі көрсеткендей, дроппер болуға көбінесе студенттер, зейнет жасындағы азаматтар мен бала күтімімен үйде отырған әйелдер келісіп жатады. Өйткені олар бұл «еңбегі» үшін ақы алады. Ал осы делдалдықтың соңы талай бейкүнә азаматтың адал ақшасынан айырылуына түрткі болатынын дроппер болғандар білмейді. Сондықтан, отбасында дроппер болудың зияны мен салдары, қылмыстық жауаптылығы туралы айтып, жақындарыңызды жаман істен сақтандырамын деп абзал. Дроппер қылмысқа тікелей қатыспаса да,

қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Оларға Қылмыстық кодекстің 190, 262, 274-баптары т.б. бойынша іс қозғалып, әрекетіне қарай 3 жылдан 7 жылға дейінгі аралықта бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Интернет алаяқтыққа тыйым салудың механизмі белгілі. Ол үшін жеке деректеріңізді бейтаныс адамдарға бермеу керек. Сонымен қатар күмәнді сілтемелерге өтпеңіз. Әсіресе SMS немесе мессенджерлер арқылы келетін «Сіз сыйлық ұттыңыз!», «Сізге көлемді бонус берілді, тезірек алып үлгеріңіз!» деген сыңайлы ақпараттарға сенбеген дұрыс. Мұның артында интернет алаяқтар тұрғаны талассыз. Онлайн сатып алуларда тек сенімді сайттарды ғана пайдаланған ыңғайлы. Тым көп жеңілдік ұсынатын, тым арзан тауар сататын интернет магазиндерге де жоламаған жөн. Өйткені, ешкім сатып алуларда тек сенімді сайттарды ғана пайдаланған ыңғайлы. Тым көп жеңілдік ұсынатын, тым арзан тауар сататын интернет магазиндерге де жоламаған жөн. Өйткені, ешкім сатып алуларда тек сенімді сайттарды ғана пайдаланған ыңғайлы. Тым көп жеңілдік ұсынатын, тым арзан тауар сататын интернет магазиндерге де жоламаған жөн.

Банк қызметкерлерінен келген қоңырауларға сақ болып, күмән туындаса ресми нөмірлер арқылы банкке хабарласқан пайдалы. Сондай-ақ құқық қорғау органдарына алаяқтық әрекеттер туралы дереу хабарлаған орынды. Осы арқылы сіз айналыңыздағылардың алданбауына көмектесесіз.

**Г. КУДЕРБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Самар аудандық сотының
төрағасы**



АБАЙ ТОЙЫНЫҢ 10 КҮНДІГІ

шығармашылық аталымдар бойынша байқау жеңімпаздары 200 мың теңгеден, байқауға белсене қатысқан өзге азаматтар 50 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақымен марапатталды.

«КӨҢІЛГЕ ТҮРЛІ ОЙ САЛАР»

Суретші Аңсаған Мұстафа ұлы ойшылдың терең толғамдарын жеткізу мақсатында ұйымдастарған «Көңілге түрлі ой салар» атты авторлық көрмесіне 1,5 жыл бойы дайындалған. Көрмеде ақыл, жүрек пен қайрат теңдігі, ар-ождан, еңбек, талап, мақтаншақтық пен рухани кемелдік секілді тақырыптар көркем образ арқылы өрілген. Әрбір туындының жанында Абай шығармаларынан алынған нақыл сөздер мен үзінділер ұсынылған.

– 58 жұмыстың бәрі ұлы ақын көтерген өзекті тақырыптарды бейнелейді. Әр туынды алдында Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін қайта оқып, мағынасына терең үңілдім, – дейді А.Мұстафа. Суретшінің арт-пластика жанрындағы туындылары бұған дейін Корея, Түркия, Аргентина, Мексика, Италия, Франция, АҚШ, Жапония, Иран, Польша, Үндістан сияқты 30-дан астам елде өткен 155 көрмеге қатысқан болатын.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ

Тамыздың екісінде «Арена» мәдени-спорттық кешені аумағында Түркістан облысының мәдени күндері аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Оған Түркістан облысынан 540 тоннадан астам 40-қа жуық өнім түрлері жеткізілді.

«Бүгінгі шара жоғары деңгейде ұйымдастырылған, халыққа ыңғайлы жасалған. Мұндай жәрмеңкелер тұрғындарға аса қажет. Баға базардағыдан әлдеқайда арзан. Тұрғындар көп келіп жатыр, бәрі риза. Осындай шаралар жиі өтіп тұрса деген тілегім бар», – деді Сағдат Сыдықбаева.

Екі күндік Түркістан облысының мәдени күндері аясында жұртшылық назарына қолөнер шеберлерінің көрмесі болып, онда ағаштан, киізден, қыштан жасалған бұйымдар, тоқыма кілемдер, зергерлік әшекейлер мен түрлі кө-

ты. Бұл шара Қазақстан рекордтар кітабына енді. Басты жүддесі – 1 миллион теңгені құраған зияткерлік турнир бірнеше сағатқа созылып, қатысушылардың білім деңгейі мен логикалық ойлау қабілетін сынады.

Ұлы ойшылдың туған жерінде ұйымдастырылған викторинада жалпы саны 180 команда бақ сынады. Әр команда 6 адамнан құралды. Бұл сан Абайдың 180 жылдық мерейтойымен үндесіп, шараның символдық мәнін айқындай түсті.

Шараның негізгі мақсаты – жастар арасында білімге деген қызығушылықты арттыру, логикалық ойлау мен топпен жұмыс істеу қабілетін дамыту. Викторина Семей қаласы мен Абай облысы әкімдігінің қолдауымен, Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтті. Қатысушылардың басым көпшілігі ортақ стильдегі киіммен келіп, кейбірі ұлттық нақыштағы киім киіп ерекшеленді. Тіпті Курчатов қаласынан келген ядролық физиктер өздерінің қызметтік формасымен қатысып, көрермен назарын аударды.

Курчатов қаласынан келген «Ақыл мен Атом» командасы викторинаға алғаш рет қатысқанымен, Абай мұрасына ерекше дайындықпен келген. Команда мүшелерінің айтуынша, Абайдың шығармаларын қайта оқи отырып, бұрын мән бермеген деректерді, өмірбаяндық мағлұматтарды білген.

– Әсіресе «Қара сөздерін» оқыған сайын, Абайдың терең философиялық ойларына таңқаласыз. Ол – қазақ халқының әлемдік ой-самауына ұштастырған тұлға, – дейді команда мүшелері.

Викторина жеті кезеңнен тұрды. Музыкалық, әдеби, логикалық тапсырмалар ұсынылды. Жалпы жүлде қоры – 4,7 миллион теңге. Барлық қатысушыларға жауап парақтары таратылып, телефондарды қолдануға қатаң тыйым салынды. Барлық гаджеттер ортаға жиналып, көзге көрінетін жерге қойылды. Ереже бұзғандар сайыстан шеттетілді.

Сұрақтар ақынның өмірі мен шығармашылығының түрлі қырын қамтыды. Мысалы:

- Абайдың қандай өлеңін неше жасында жазды?
- Қай өңірлерде Абай ескерткіштері орналасқан?
- Абай есімі берілген елді мекендер қайда?


Кейбір қатысушылар ақын жайлы мемуарлар мен деректі фильмдер арқылы дайындалса, енді бірі оның шығармаларын қайта оқыды.

Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, оларға арнайы сертификаттар табысталды. Бас жүлде – 1 миллион теңге Астана қаласынан келген «Brainstorm» командасына бұйырды; II орынды Алматы қаласының «Алматы Микс» командасы; III орынды семейлік «Тұрақсыз тіркестер» командасы иеленді. Бұл викторина – жастардың ұлт руханиятына деген шынайы ықыласын, білімге құштарлығын айғақтаған ерекше мәдени шара болды.

180 ДОМБЫРАНЫҢ КҮМБІРЛЕГЕН ҮНІ

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойында ел есінде қаларлық ерекше мәдени шара өтті. «Ұлы даланың ұрпақтары» атауымен ұйымдастырылған ауқымды флешмоб барысында бір мезетте 180 домбырашы күй орындап, қазақтың төл өнерін, ұлттық рухын тағы бір мәрте паш етті.

Музыкалық көрініс Абай мерейтойына арналған онкүндік аясында өткізіліп, қала жұртшылығы мен қонақтарына ерекше әсер қалдырды. Шара барысында орталық алаң Абай ескерткішінің маңында шеңбер құра жайғасқан домбырашылардың күй орындауы рухани әсері зор көрініске айналды.



Мерекелік флешмобқа тек қала тұрғындары ғана емес, Абай ауданына қарасты ауылдық округтерден, атап айтқанда Южный, Қарауыл, Ақшоқы секілді елді мекендерден де өнерсүйер қауым арнайы келген. Қатысушылардың қатарында кәсіби күйшілермен қатар, мектеп оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері және түрлі сала мамандары болды. Бұл көпшіліктің қазақ мәдениетіне деген сүйіспеншілігінің, Абай мұрасына деген құрметінің айқын көрінісі болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның негізгі мақсаты – Абайдың 180 жылдығына орай 180 домбырашыны бір сахнада қатар



шығару болған. Бұл оңай міндет болмаған. Ауыл-ауылды аралап, еріктілермен бірлесе жұмыс істеген ұйымдастырушылардың бірі, жергілікті халық театрының жетекшісі Динара Жұмағұлова бұл бастама жайлы былай дейді: – Бастапқыда «180 адамды қалай жинаймыз?» деген үлкен күмән болды. Бірақ халықтың ықыласы мен патриоттық сезімі бәрін жеңді. Әр округтен, мектептен, мәдениет үйінен шыққан домбырашылар өз еркімен қатысуға ниет білдірді. Бұл – ұйымшылдықтың, мәдени сана мен ұлттық бірліктің шынайы үлгісі.

Флешмобқа қатысушылардың бірі – Южный кентінен келген Әсел Қайырбекова. Домбырамен ерте жастан сырласқан бойжеткен бұл шараны өміріндегі ерекше сәттердің бірі деп бағалады:

– Домбыра – менің жүрегіме жақын аспап. Бала күнімнен қолымнан түспеді. Мұндай ауқымды шарадан шет қалғым келмеді. Әрбір орындаған күй арқылы біз Абайға деген махаббатымызды, құрметімізді жеткіздік. Бұл – мен үшін үлкен мақтаныш.

Ол сондай-ақ бұған дейін де түрлі мәдени іс-шараларға қатысып жүргенін, әсіресе «Домбыра күніне» орай өткен шеруге қатысқаны есінде екенін атап өтті. Оның айтуынша, сол кезде де халықтың ықыласы ерекше болған, әлеуметтік желілерде көптеген жылы пікірлер жазылып, бейнероликтер таралған.

Флешмоб тек күй тартумен ғана шектелген жоқ. Мерейтой аясында ұйымдастырылған мәдени онкүндік барысында ғылыми конференциялар, әдеби кештер, Абай шығармашылығына арналған театрландырылған қойылымдар мен көрмелер өтті. Бұл бастамалар қазақ әдебиеті мен мәдениетіне тың серпін беріп, Абай мұрасына деген қызығушылықты қайта жаңғыртты. Мәдениет бөлімі мамандарының айтуынша, соңғы айларда кітапханалар мен оқу залдарында Абай шығармаларына сұраныс артқан. Әсіресе жастар арасында ақынның қара сөздері мен поэзиясын оқу белсенділігі байқалады. Бұл – қазақ қоғамының рухани жаңғыруының нақты көрінісі.

Жалпы, Абай қаласында өткен бұл флешмоб – тек мерекелік шара ғана емес, ұлттық бірегейлікті сақтауға, жастарды рухани тәрбиеге баулуға арналған маңызды мәдени оқиға ретінде тарих бетіне жазылды. Домбыраның күмбірленген өрілген бұл рухани сәт – ұлы дала ұрпақтарының ұлы Абайға деген мәңгілік тағзымы іспетті.

Бетті дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Абай облысында жылдың басты мәдени шарасы саналатын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай тойының 10 күндігі» атты меркелік мәдени шаралар өтіп жатыр. Шара Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледждің «Ес-Аймақ» рухани орталығында «Abai akademiasy» атты энциклопедиялық порталдың ашылуымен басталды. Жоба жетекшісі Айжан Тәбаракқызының айтуынша, бұл портал – Абай мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттайтын, ақын туралы толық мәлімет ұсынатын ғылыми-танымдық дереккөз. Онда ақынның әдеби, ғылыми, публицистикалық және эпистолярлық еңбектері жинақталған. Материалдар Абай институты, ғылыми орталықтар, архивтер мен мұражайлардан алынып, цифрлы түрде енгізіліп, теле-радио хабарлар мен деректі фильмдерді де қамтыған.

Абайтанушы Арап Еспенбетовтың айтуынша, «Abai akademiasy» порталын – ғылыми, мәдени, ақпараттық ортадағы бұрын-соңды болмаған ерекше құбылыс деп айтуға болады. Ол Абайды білемін, танымын, түсінемін дейтін жанның барлығына көмек беретін басты құрал, энциклопедия.

«10 күндіктің өтуіне қаржыны түгелдей демеушілер көтеріп отыр. Абай тойының ең басты сыйлығы – Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы. Хакімнің тойында еліміздің әр өңірі жаңадан құрылған облысымызға бір нысаннан салып беретін болды. Маңғыстау «Достық үйін», Шымкент шығармашылық орталық, Түркістан көрме орталығын, Астана Жайлы мектеп, Ақтөбе жекпе-жек орталығы, Павлодар облысы Үстел теннисі орталығын салса, Шығыс Қазақстан Ертіс жағалауын жасап береміз деп отыр. Өзге өңірлер де хабарласып, ықылас-ниеттерін білдіріп жатыр» деді облыс әкімі Берік Уәли порталдың ашылу рәсімінде.

АСЫЛ МҰРА

Семей қаласындағы Бейбітшілік аралында оннан астам киіз үй тігіліп, халықтың салт-дәстүрі мен



ұлттық құндылығын дәріптейтін қойылымдар ұсынылуда. Этноауылды тамашалаушылар алтыбақан жанында көңіл көтеріп, ұлттық тағамдардан дәм татып, 10 күн бойы жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасы мен театрландырылған қойылымдарын көре алады.

«Қолөнер – ұлттың жаны. «Асыл мұра» фестивалі арқылы біз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл құндылықты қайта жаңғыртып, шеберлер еңбегін елге танытуды мақсат еттік. Сондай-ақ, Абай облысының қолөнершілері шілде айында Алматыдағы «Аламан құрақ – 2025» жобасына белсене қатысып, 30 шеберіміздің бір мезетте құрақ көрпе жайып, GLOBAL BOOK OF RECORDS кітабына еңуге үлес қосқаны – зор мақтаныш», – деді Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Олжас Соғымбай.

Оның айтуынша, ұлттық қолөнерді жаңғыртуды, өңір шеберлерінің әлеуетін танытып, шығармашылықты қолдауды мақсат еткен шараға Абай облысының түкпір-түкпірінен қолөнер шеберлері, қасіпкерлер, волонтерлер мен қала тұрғындары қатысты. Ұлттық дәстүр мен қолөнерді ұлықтаған шарада өңірдің үздік 45 қолөнершісі өз туындыларын көпшілікке ұсынып, шеберлікпен жасалған бұйымдарын таныстырды. «Үздік ұлттық бұйым», «Көрермен көзайымы», «Жас шебер», «Абай мұрасын бейнелеген үздік туынды» және арнайы

десыйлар ұсынылды. Ал арнайы келген «Тұмар» этно-фольклорлық ансамблі, «Фараб» би ансамблі, «Сарын» тобы мен Ш.Қалдаяқов атындағы филармонияның әншілері жәрмеңке мен көрмеге жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«АБАЙ QUIZ»

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған интеллектуалды викторинаға еліміздің түкпір-түкпірінен 1080 адам қатыс-



ТАРАТУ

2. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Алтай аудандық филиалы (БСН 220841033739) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алтай қаласы, Комарова 8, тел. 8 705 417 4864.

3. «Ongarbay-SBO» өндірістік кооперативі (БСН 190740028100) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шанақ ауылдық округі, Ақжар ауылы, Е.Омарбеков көшесі, 33-үй.

4. «BEREKE DS» ЖШС (БСН 231040006662) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 16 шағын ауданы, №8/2 телімінде қабылданады, тел. 8 708 650 75 70.

5. «Фитнес Есиль» ЖШС (БСН 200240036148) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Самал шағын ауданы, 12-ғимарат, тел. 8 701 729 72 48.

6. «ПКЗ Майнинг» ЖШС (БСН 210840029387) (ҚР, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 47-ғимарат, н.п.5Б) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 47-ғимарат, БЦ Евроцентр, н.п.5Б, 444/2-офис, тел. +7 777 317 7095.

7. «ЛОМБАРД-ПАРТНЕР» ЖШС (БСН 030740005764) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыру үшін 29.03.2021 ж. берілген №09.21.0047.Л лицензиясының күшін жою туралы өз еркімен өтініш бергенін хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Степной-3 шағынауданы, 8-үй, н.п.8, тел.: 8 705 322 23 13.

8. «Ломбард-Прогресс 2012» ЖШС (БСН 120740010234) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыру үшін 19.03.2021 ж. берілген №09.21.0028.Л лицензиясының тоқтатылғаны туралы өз еркімен өтініш бергенін хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Ержанов көшесі, 3-үй, н.п.2, тел.: 8 705 322 23 13.

9. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 040640006097, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Промышленная Зона көшесі, 1-құрылыс мекенжайы бойынша қабылданады, тел. +7 771 265 93 80.

10. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Титовка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 030640005314, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Полтава ауылдық округі, Полтавка ауылы, С.Петренко көшесі, 41-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады, тел. +7 775 549 52 02.

11. «QORE Agency» ЖШС (БСН 250340008908) (ҚР, 050026, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұқанов көшесі, 113-үй, 101) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Натарова көшесі, 48, тел. +7 778 020 4060.

14. «Ломбард Оптимальный» ЖШС (БСН 160640026383) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті (ломбард қызметі) жүзеге асыру үшін 01.04.2021 ж. берілген №09.21.0058.Л лицензиясының күшін жою туралы өз еркімен өтініш бергенін хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Саран қаласы, 003 есептік квартал, 365-құрылыс.

15. «Дыңғызыл-2» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170240026420) өзінің ерікті түрде таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап – шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Жыланды ауылы, Құрманғазы көшесі №91 үй, индекс 060406.

25. «BEST SALES TRADE» ЖШС (БСН 240640003966) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 278-үй, 15-пәтер, тел.: +7 707 715 9788.

26. «(ТидЭэСэй)» ЖШС (БСН 230640024134) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі 69, тел.: 8 701 783 0126.

28. «Қызылқия жер» ЖШС-і (БСН 220340037738) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі, 75-ғимарат, индекс 160300.

29. «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Рыбкин бастауыш мектебі» КММ (БСН 020540001495), таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Гагарин көшесі, 36-үй мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: 8(71441)2-10-12.

ӘРТҮРЛІ

12. Хабарлама

Құрметті клиент!

Осымен «Центрально-Азиатская МФО» ЖШС (бұдан әрі – МФО), 2025 жылдың 01 тамызынан бастап филиалдың орналасқан жерінің өзгергені туралы хабарлайды. «Центрально-Азиатская МФО» ЖШС филиалының жаңа заңды мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 34-үй, 20-кабинет, индексі: 010017.

Компанияның электрондық пошта мекенжайы: samfoinform@gmail.com. Байланыс телефондары: +7 771 756 70 03, +7 771 756 70 01 (бас кеңсе Алматы қ.)

Біздің ұйыммен әрі қарай өзара әрекеттесу барысында осы ақпаратты ескеріңіз.

13. «КазЭнергоМаш Корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 110640001715) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Мичурин көшесі, 4-үй.

22. 2025 жылғы 25 шілдедегі «Заң газеті» басылымының №55 (3783) санындағы «Әртүрлі» айдарында жарияланған №12 хабарландыруда келесідей мәтін берілген: ««ИНТЕР-КАРМ» ЖШС (БСН 130640017725) (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, А.Молдағұлова көшесі, 5/2 үй), «NEFTEK Holding» ЖШС-не (БСН 131140023873) (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, ЖЭО 2/2) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, А.Молдағұлова көшесі, 5/2 үй, тел.: 8 701 924 00 60.» Аталған хабарландыруда көрсетілген «ИНТЕР-КАРМ» ЖШС-нің мекенжайы дұрыс емес, дұрыс мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 4-ықшамаудан, 35-құрылыс деп есептеу қажет.

23. 2025 жылғы 25 шілдедегі «Заң газеті» басылымының №55 (3783) санында «Әртүрлі» айдарында жарияланған №13 хабарландыруда келесідей мәтін берілген: ««NEFTEK Holding» ЖШС (БСН 131140023873) (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, ЖЭО 2/2), «ИНТЕР-КАРМ» ЖШС-нің (БСН 130640017725) (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, А.Молдағұлова көшесі, 5/2 үй) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қосылу қайта ұйымдастыру тәртібімен жүзеге асырылады. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, ЖЭО 2/2.» Аталған хабарландыруда көрсетілген «ИНТЕР-КАРМ» ЖШС-нің мекенжайы дұрыс емес, дұрыс мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 4-ықшамаудан, 35-құрылыс деп есептеу қажет.

24. Алматы қаласы, Мамыр-4, 117/6 мекенжайында орналасқан бөлімшесі ЖШС «АвтоЛомбард «Премиум-Кредит» 04.08.2025 жылдан бастап Алматы қаласы, Мамыр-4, 119 мекенжайына ауысқаны туралы хабарлаймыз. Барлық сұрақтар бойынша Алматы қаласы, Мамыр-4, 119 мекенжайы бойынша хабарласуға болады.

27. «OrientSwiss Kazakhstan» ЖШС (ОриентСуис Қазақстан) (БСН 170140007717) жарғылық капиталын 1 763 314 450 (бір миллиард жеті жүз алпыс үш миллион үш жүз он төрт мың төрт жүз елу) теңгеге дейін азайтатыны жөнінде хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 22-үй, 18-пәтер.

МҰРАГЕРЛІК

17. 14.04.2025 ж. Мирманова Шарипаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С.Жанакүлова-ның кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 8 705 270 00 01.

18. 13 ақпан 2025 жылы қайтыс болған Бимұрзаев Өтегеннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

19. 15 тамыз 1977 жылы қайтыс болған Султанбаев Пернебайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

20. 24 қаңтар 2025 жылы қайтыс болған Мырзахметов Курбанали Рашовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

21. 01.01.1929 ж.т. азамат Дүйсен Мұстахим, 10.02.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұрасы ашылды, ықтимал мұрагерлер нотариус К.С.Топиеваға Алматы қаласы, Абай даңғылы, 59 үй, 1 кабинет, мекенжайы бойынша байланыса алады, тел. 8 701 551 46 99.

Астана қаласы соттарының ұжымы және Судьялар Одағының Астана қаласы бойынша филиалы судья Анар Каримованың

әкесі Садықов Карим Кездыкбайұлының

мегізсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖК О аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Кіріспе

1984 жыл.

Бағдат. КСРО елшілігі қалашығы. Түнгі сағат үш. КСРО-ның Ирактағы елшілігінің бірінші хатшысы, ҰҚК-ның барлау резиденті, полковник Виктор Владимирович Семенов ұйқы құшағында жатыр. Жақында ғана әйелі мен балаларын үйге, Отанына қайтарды. Енді тынышталуға болар еді ғой, бірақ бір жайсыз түйсік жүрегін қысқылап маза бермей қойды, тіпті бір рөмке виски де көмектеспеді.

Не болғаны әлі белгісіз, бірақ бірдеңе болғаны анық. Ол туралы металл білезікті швейцар саға-

да, сосын да, осы жайды есіне алғанда досының қылығын түсінбей-ақ қойды. Ал Самат осы кезге дейін бұл тақырыпқа тіс жарып ештеңе айтқан, не есіне салған емес. Неге екенін өзі де білмейді. «Жә, құрып кетсін сол өсекші Самат. Өмір жалғасып жатыр, оған бола көңіл-күйді түсірмеу керек», – деген Дастан нық қадам басып жүріп кетті.

Міне, Қазақстан ҰҚК-ның ғимараты. Кезекшіге куәлігін ашып көрсетіп, екінші қабатқа көтерілді. Бұралған тар дәліздер, ал мынау – туған үйіндей болып кеткен №183 кабинет. Бәрі кәдімгідей, бәрі үйреншікті. Жұмыс дәптерін ашып, бүгінгі күннің жоспарын қарап шықты: ерекше ештеңе жоқ, кездесу – жолығулар, аймақтық ҰҚК органдарының сұрауларына жауап жазу, әбден тойдырған, шексіз қағазбастылық. Оның ессесіне, жұманың кешіне арналған бағдарлама екі-ақ әріппен белгіленіп шиф-

Сол бір кездерде «Мәскеу» аты аталғанда әр кеңес азаматының тынысы кеңіп, жүрегі мақтаншыққа толатын. Ал егер «Кеңсе» сені басқа емес, «Мәскеу» мейманханасына жатқыза, онда жауырын астына қанат бітіп, сен қара жерді аяғыңмен баспай, жұмақтың бақыт құсы тәріздес көкке самғайсың.

Дастан ертерек тұрып алып, суық суға жуынған соң, таңғы асқа қарамай, Қызыл алаңға жаяу тартты. Міне, алдында Қызыл алаң жатыр. Василий Блаженныйдың шіркеуін орап өтіп Дастан Лениннің кесенесіне қарап ойға шомды. Осындай оймен КСРО ҰҚК орналасқан Лубянкаға жетті.

– Полковник Лопаткоға келдім, – Қызыл алаңдан алған әсері басылмаған Теміров салтанатты үнмен кезекші прапорщикке баян етті.

болмайтын шығар деп ойлаушы едім. Қолымнан айрылғанша жарып бақтым... – әңгімесі қапалана күрсініп, үнсіз қалды... – Жарайды, мұның бәрі өткен жайлар, ал қазір іске көшелік. Сонымен, сіздің азаматтық мамандығыңыз эпидемиолог-бактериолог қой? – енді қатал дауыспен сұрады полковник.

- Иә, мен біраз уақыт Көкшетау облыстық санэпидстансасында эпидемиялық дәрігер, жарты жалақыға – бактериолог болып істедім.
- Ал оған дейін?
- Уалиханов аудандық санэпидстансасының бас дәрігері болдым.
- Жұқпалы аурулар кезінде жұмыс істедіңіз бе?
- Иә, іш сүзегі, дизентерия, менингит, Қазақстан ҰҚК-де істеп жүріп, Гурьев облысында оба ауруының адамдар арасында тарауын зерттеуге қатыстым.

ДИКТАТОРДЫҢ СӘТсіз «ІНДЕТІ»

ты түрінде жасалынған білекті қытықтайтын микроадио қабылдағыш белгі берді. Мұндай тетікті чекистер «қытықтағыш» деп атайды. Виктор Владимирович «сағатына» көз салып, одан «8» санын көрді. Бұл КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық Бас басқармасының дәрігері, ерекше құнды тыңшы «Пьер» – Петров Евгений Васильевич өміріне қауіпті жайды сезініп «сағатының» жасырын түймесін басып үлгергенін білдіреді...

Иракта елшілік қызметінде әрекет жасап жатқан ҰҚК-ның бір топ офицері Кеңес Одағының мамандары тұрып жатқан «Диана» мейманханасына келіп жеткенде, мұнда жергілікті қылмыс полициясының қызметкерлері іске кірісіпті. Петровтың бөлмесіне кіре бере Семеновтың көргені: еденде сұлап жатқан эпидемиологтың денесі және қанға боялған үстел үстінде жалпақ табаққа салынған, көздері шарасынан шыға бақырайған басы болды.

– Құдайым-ай! – полковник ойша айғай салды. – Мына соғысқа батқан сорлы елде бір жылға да толмас уақыт ішінде екі бірдей эпидемиолог өлім құшты. Ал бұл жолы ерекше жай, қорқыту акциясына ұқсайды...

Енді не істемекпін? «Ол» елшіден тағы бір эпидемиолог жіберуді сұрайды ғой.

I – тарау

АЛМАТЫ ЖАЗЫ – ӨМІР МЕРЕКЕСІ

Қазақ ССР-ы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің майоры Дастан Теміров үйінен шығып жұмысқа жаяу шықты. Осылайша, күннен-күнге, жылдан-жылға, үйдегі есіктен шығып, мекемедегі есікке кіргенге дейінгі қырық минуттық жүріс жалғасып келеді. Ессесіне ол табиғат сұлулығын тамашалауға, өзінің өзекті мәселелері туралы ойға шомылуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, бәрі тамаша, өмірі оңға басты: сүйікті жұмыс, сүйікті жар, сүйікті балалар және ардақты ана – осы кезге дейінгі сенімді тірегі. Ол отбасының қатал да үнемді есепшісі; жанұяның кіріс-шығыстарын тек бұл бекітеді. Адамға толық бақытты болу үшін тағы не керек?

Әрине, өмірлік жолдастар керек. Комитет ішінде жақсы достық қатынас қалыптасқан бірнеше қызметтес бар, бірақ әр адамның өз мінезі болады. Кабинеттес көршісі, майор Жиенбаев Саматты мысалға алсақ, бір қарағанда, мейірбан, қолы ашық жігіт сияқты көрінеді. Бірақ жақында мүлдем түсініксіз мінез көрсетті.

Дастан телефонмен Денсаулық сақтау министрлігінің бір қызметкерімен жұмыс бабымен сөйлесіп отырып, аяқ астынан қызынып кетіп, анаған біраз жағымсыз сөздер айтып тастады. Ерлер арасында ондай-ондай болып тұрмай ма?

Сол арада Саматтың жүзі бір түрлі өзгеріп, кабинеттен зып беріп шығып кеткенін байқап қалды. Жиырма шақты минут өткенде 5-ші Басқарманың бастығы полковник Сәкен Рахманов оперативтік байланыс телефоны арқылы Теміровты өзіне шақырып алды.

– Дастан Темірұлы! Маған жаңа ғана Денсаулық сақтау министрлігін орынбасары Грибанов қоңырау шалып, сіз оның қызметкері Арыновты телефонмен балағаттады, қорқытты деп шағым жасады. Не болғанын баяндап беріңізші.

– Мен ешкімге ешқандай қоңырау соққан емеспін және Арыновты ешқашан қорлаған емеспін. Бұл әңгіменің неден пайда болғанын сезген Дастан қатал үнмен жауап қатты.

– Қалай қоңырау соқпадыңыз? – деген полковник қысылған түр танытты.

– Әйдә, ендеше, тура сіздің кабинетіңізден жолдас Грибановқа қоңырау соғайық! – бастықтың сенімсіздігін сезінген Теміров қысымын қатайта түсті.

– Жарайды, бара беріңіз, бұдан былай ешкімді қорламаңыз, ешкімді қорқытпаңыз, – деген Рахманов осымен әңгімесін тәмамдады.

«Негізіне келсек, Саматтың тәрбиелік әсер ету мақсатында бастыққа менің қылығым жайлы баяндағаны дұрыс та болар. Айталық, бұл оның қызметтің беделі үшін шын көңілімен күрескен түрі шығар. Бірақ ол жолдасыңмен өзіме айтса да болмас па еді. Мен түсінер едім ғой. Қазір онсыз да сол сөздерім үшін қатты ұялып жүрмін». Дастан сонда



рленген. «БМ» – «Болаттың моншасы» дегенді білдіреді. Азаматтық жолдасы, белгілі халық әншісінің ұлы – Болат Құрманғалиев, бізбен салыстырғанда тағдырдың нағыз еркесі. Ірі құрылыс серіктестігінің меңгерушісі ретінде жоғары жалақы алады, жеке автокөлігі, моншасы бар, қысқаша айтқанда, өмірде болатын барлық негізгі қызықтың иесі. Біз Самат екеуіміз де сол игіліктерден құралақан емеспіз.

Кенет оперативтік байланыс телефоны шыр етті. Бүкіл дене бір сәтте жиырылды, жүрек қағысы жиілеп, бөтен ойлар қашып миды босатты – опер қандай болсын күтпеген жайға дайын.

– Майор Теміров тыңдап тұр.

– Қайырлы таң, Дастан Темірұлы! – тұтқадан 5-ші Басқарманың жұмысын қадағалаушы, ҰҚК төрағасының орынбасары Перебейнососов Иван Фомичтың гүрлідеген дауысы естілді.

– Саулығыңызды тілеймін, жолдас генерал-майор! – Маған кіріп шықшы, Дастан. Тек ешкімге айтушы болма, жақсы ма? Хатшыға ескертем, бірден кір...

Теміровтың кіргенін көрген генерал тұлғасының ірілігіне қарамастан, орыннан атып тұрып, кабинет ортасына жете бере амандасуға қолын ұсынды.

– Қал қалай Дастан, үй іші аман ба, балалар өсіп келе ме? – генералдың көгілдір көздері шынайы қызығушылығын білдіріп тұр. Оның биік маңдайы, артқа қарай таралған ақсары шаштары, бет пішіні – бәрі таңданыс тудырады.

– Рақмет! Бәрі жақсы. Теміров бөлшектеп, қысқаша жауап қайырып тұр.

– Дастан, бірден іске көшейік. Сені орталыққа, Мәскеуге шақыртып жатыр.

– Мәскеуге? – дірілдеген дауыспен Дастан қайыра сұрады.

– Иә, орталыққа. Әуелі сенің жеке ісіңді, мінездеме сұратты. Ал кеше кешке Теміровті әңгімелесуге КСРО ҰҚК-ның кадр бөліміне іс сапарға жіберуді талап етті.

– Неге?

– Білмедім. Біздің шаруа – бұйрықты орындау ғана.

– Түсіндім, жолдас генерал-майор.

– Қарсылық немесе бөгет болатын жағдайлар жоқ қой?

– Жоқ, жолдас генерал-майор.

– Жоқ болса, жол құжат, ақша ал, мен нұсқау берем.

– Әйтсе де, Иван Фомич, мені неге шақырып жатыр?

Теміров жарғыны бұзып тұрғанын жақсы түсінеді, бірақ қызметінің бірінші күнінен бері Перебейнососов оған ерекше ықылас көрсетіп, басқалардан ерекше ұстап, өзіне жақын тартып, ең күрделі тапсырмалар беріп жүргендіктен, бұл жолы да солай болады ғой деген үмітпен сұрады.

– Меніңше, әңгіме шетелдік іс-сапар жайлы болуы мүмкін. Менің білерім осы ғана, Дастан. Жолға жиналып болғанын, кіріп қоштасып кет, жақсы ма?

– Құп болады, жолдас генерал-майор!

– Сізге уақыт белгіленген бе? – кезекші Теміровты басынан аяғына дейін барлай қарап, селқос үнмен сұрады.

– Дәл осы уақытқа... – Дастан да қысқа жауап қатты.

Прапорщик қызмет куәлігін сұрап алғасын, біреуге қоңырау шалып, қысқа ғана «күте тұрыңыз» – деді. Әжептәуір күтіп отырғанда:

– Майор Теміров! – деген дауыс естілді. Дастан еріксіз селт етіп, әдет бойынша «Мен» деп атып түрегелді.

– Сіздің куәлігіңіз, – байланыс әскерінің капитан киімін киген, еңселі ер адам бұдан айрықша сыпайы үнмен сұрады да, суреті мен бет-жүзін салыстыра қарады.

– Соңымнан еріңіз! – капитан биік баспалдақпен жоғары өрлеп жүре берді.

«Ғажап, – Дастан іштей таңданды, – неге өтпе бюросы арқылы кіргізбеді?» – бірақ сұрағын ішінде сақтап, капитан соңынан асыға басып ере берді де, күрделі дәліздерді бойлай, жан-жағына таңдана қарап жүріп келеді. Ақыры капитан екі белгісіз, өзгелерден айырмашылығы жоқ есік алдында тоқтап, тықылдатты да Дастанды алға жіберді.

– Ә-ә, жолдас Теміров, сәлеметсіз бе! – егде тартқан, еңселі, кең иықты кісі үстел басынан тұрып, Дастанға сол қолын ұсынды. Оң қолы иығынан төмен түгел қара қолғап кигізілген жасанды қол екен. Қай қолымен амандасарын білмеген, жалпы мына жайға түсіне алмаған Дастан сасып қалды. Бұл қалай сонда? КСРО ҰҚК-де, Орталық аппаратта жарымжан адам жұмыс істейтіні қалай? Бізде, Қазақстанда, мұнымен әскери-медициналық комиссиядан өту мүмкін емес, талап қатал.

– Жолдас Теміров, мен полковник Лопатко Виктор Степанович болам, таныс болайық. Өтіңіз, отырыңыз! – қолғапты қолымен орындықты нұсқады.

– Рақмет! – жеңіл-желпі есі шығып, бір жағынан қысылып қалған Дастанның осы сөзді айтуға ғана шамасы келді.

– Сізді таңдандырған мынау болар? – кабинет иесі жансыз қолын сілкіледі.

– Жо-жок! – Дастан маған бәрібір дегендей сыңай білдіріп, иығын қысты.

– Қалайша? Орталық аппаратта жарымжан адамның қызмет етуі қызық емес пе?

– М-м-м, иә, бас маңыздырақ болған шығар, – мына сөздер Теміровтің аузынан шынайы шыққаны сондай, полковник рахаттана күліп алды.

– Мен полковник Градовтың тобында он үш жасымынан соғыстым ғой. Ол туралы естіп пе едің?

– Атақты партизан-диверсант полковник Ваупшасов қой? Әрине! Оперативтік дайындық курстарында оның барлау тобының жау ортасында жасаған әрекетінің ерекшеліктерін талдайтынбыз.

– Оның тобына мен біздің қалашықтың тұрғындарын зорлап Германияға алып бара жатқан пойыздан қашып барып қосылғанмын, содан әрі ылғи соның қасында болдым. Солай міне, жардық, өлтірдік, тағы жардық, тағы өлтірдік – мұның соңы

– Жақсы. Тәжірибеңізді, медициналық біліміңізді жоғалтпаған боларсыз.

– Жоға, бізге білімді өмір бақиға миға құйып шығарды. Сосын, мен бұрынғы дәрігер ретінде республикалық медициналық мекемелерде жетекшілік етемін ғой, денсақтау саласының басшыларымен ұдайы қатынастамын, тыңшыларым түгел дерлік медкызметкерлер.

– Мақтауға тұрарлық. Ал араб тілін меңгерген жоқсыз ба?

– Жоқ. Өз бетіммен үйреніп көрмек болып едім, шынын айталық, уақытым да, шыдамым да жетпей қойды.

– Ал ол тіл сізге неменеге керек болды?

– Мені Құранның мазмұны қызықтырады, онда не туралы жазылғанын білгім келді.

– Орыс, қазақ тілдеріне аудармасы жоқ па еді?

– Крачковский, Саблуковтардың аудармасын оқып, ештеңе түсіне алмадым, бәрі бір түрлі байланыссыз, бөлек-бөлек.

– Жақсы... – Лопатко өзіндік бірдеңе ойлап, сауақтарымен үстел үстін тырылдата қағып отыр, ал Дастан болса, оған ұрлана қарап қалған. Иә, өмір бұл азаматты біраз қиындыққа салғанға ұқсайды: бас сүйегінің пішіні өзгерген, маңдайдан басталып, бүкіл оң жақ шекесі арқылы кесілген тыртық көрінеді, қызғылт терісін жалаңаштап шаштары түсе бастаған.

– Дастан Темірұлы, КСРО ҰҚК-ның қай бөлімінде отырғаныңызды аңғарасыз ба тегі? – кабинет иесі ақыры үнсіздікті бұзды.

– Әуелі мен 5-ші Басқарма шақыртқан болар деп болжам жасаған едім, сіздің әскери өмір тарихыңызды естігеннен кейін 4-ші Басқарма болар деп ойлап отырмын.

– Дәл таптыңыз, мен химиялық, фармацевтикалық, бактериологиялық қарулармен жұмыс істейтін барлау-диверсиялық бөлімнің бастығымын. Сіз орталықтың тапсырмасымен таяушығыс елдерінің біріне баруға дайынсыз ба?

– Мен әскери қызметкермін, бұйрықты талқыламаймын!

– Бұл бұйрық емес, бас тартуға болады. Себебі, тапсырма қауіпті.

– Егер ол Отан мүддесімен байланысты болса, мен кез келген қауіпті тапсырманы орындауға әзірмін.

– Жақсы. Бірақ есіңізде болсын, іс сапарыңыздың шынайы мақсаты жайлы тек КСРО ҰҚК-ның Орталық аппаратының бірнеше адамы ғана білетін болады. Сіздің республикада бәрі, соның ішінде комитет төрағасы да бейхабар. Сондықтан да бұл өмір бойы сақталуға тиіс құпия іс, неге екенін сосын түсінесіз.

– Түсіндім. Мен жарияламау жайлы қолхат бердім ғой.

– Жақсы, онда іспен жақын танысайық. Созылып кеткен Иран – Ирак соғысында біздің Саддам Хусейнді жақтайтынымызды білесіз. Бірақ ол шығысша қу, арам ойлы адам, біздің сыртымыздан ЦРУ-мен келіссөз жүргізіп, ал бізден қайта-қайта маман бактериологтар, эпидемиологтар сұрап мазалай береді. Қазір онда біздің дәрігерлер тобы жұмыс істеп жатыр. Бірақ эпидемиологтармен мәселе болып тұр, өткен айда Бағдатта екінші дәрігер қатыгездікпен өлтірілді. Бұл үрей туғызу акциясына ұқсайды.

– Ал олар онда не істейді?

– Кім?

– Эпидемиологтар, бактериологтар.

– Ешкім білмейді. Ондағылардың бәрі казарма жағдайында өмір сүреді, ал эпидемиологтарды, мен айтқандайын, өлтірушілер, әрине, Саддам режимінің жақтастары емес.

– Қайтеміз, жұмбақты шешіп көреміз...

– Сіздің ұрыс шеберлігіңіз қалай?

– Карате-до-ның қара белдігі...

– Бұл аса жеткіліксіз. Өкінішке қарай, біздің уақытымыз шектеулі. Реті келсе үш апта ішінде Балашихада арнайы дайындықтан өтіп, машықтанасыз, мұныңыз азаматтық мамандығыңызды еске түсіресіз, сосын алға, Саддам Хусейннің қасына. Ал қазір бізді басқарма бастығы күтуде...

Жалғасы келесі санда. Темірболат АХМЕТОВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5922 дана
Апталық таралым 11844 дана

Тапсырыс №9118 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31